

31.08.2020ж

Қатысқандар: 12

Күн тәртібінде:
1-кеңес

1. а)Қазақстан Республикасы қаулысымен,мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпыға міндетті стандарт талаптары және ережелерін туралы түсіндірме жұмыстарын жүргізу

Тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарымен таныстыру.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасымен таныстыру

2. Балабақшаның жылдық жоспары мен ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің кестесін бекіту.
3. «Мектепке дейінгі ұйымдарда инклюзивті білім берудің проблемалары мен жолдары».Баяндама.
- 4 «Өзін-өзі дамытуды басқару құзыреттілігі».Пікір алмасу.
- 5Әлеумет саласына қажетті әдебиеттер көрмесі.
- 6Тәрбиешілердің шығармашылық тақырыптарын бекіту.

Тыңдалды:

Сөйледі: Бірінші мәселе бойынша балабақша директоры Р.Раимкулова сөз алды:
Тағы да бір оқу жылына аяқ басқалы отырмыз.Жаңа оқу жылында жаңа міндеттер қабылдап ,алдымызға жаңа мақсат қоямыз.Бір жылға жоспар түзіп ,сабақ кестесін бекітеміз.

1-кеңес

балаларды мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарымен таныстыру.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасымен таныстыру.

2. Балабақшаның жылдық жоспары мен ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің кестесін бекіту.
3. «Мектепке дейінгі ұйымдарда инклюзивті білім берудің проблемалары мен жолдары».Баяндама.
4. «Өзін-өзі дамытуды басқару құзыреттілігі».Пікір алмасу.
5. Әлеумет саласына қажетті әдебиеттер көрмесі.
- 6.Тәрбиешілердің шығармашылық тақырыптарын бекіту.

Тыңдалды:

Сөйледі:Бірінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі Р.Раимкулова сөз алды:
Тағы да бір оқу жылына аяқ басқалы отырмыз.Жаңа оқу жылында жаңа міндеттер қабылдап ,алдымызға жаңа мақсат қоямыз.Бір жылға жоспар түзіп ,сабақ кестесін бекітеміз.Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына жаңа толықтырулар мен өзгерістер енді. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұны - әртүрлі іс-әрекеттерді ұйымдастыру

кіріктіру жолдарымен іске асырылады. Білім беру салалары : «Денсаулық», «Коммуникация», «Таным», «Шығармашылық», «Әлеуметтік орта» бес білім саласына негізделген. Ұйымдастырылған оқу қызметтері де, жүктеме саны, ұзақтығы бәрі өзгерген.

«Денсаулық» саласындағы дене шынықтыруға барлық топта 3 сағат берілген, ересектер тобында ғана дене шынықтыруға 2,5 және қауіпсіз мінез-құлық негіздеріне 0,5 берілген.

«Коммуникация» білім беру саласында ерте жас тобында (1-2 жас) -1 сағат, Сөйлеуді дамыту 0,5, Көркем әдебиет-0,5,

I-Кіші топ (2-3 жас) -1 сағат Сөйлеуді дамыту 0,5, Көркем әдебиет-0,5.

II-Кіші топ (2-3 жас) 2-сағат Сөйлеуді дамыту 1, Көркем әдебиет-0,5, Орыс тілі -0,5.

Ортаңғы топ (4-5) жас 2,5 сағат, Сөйлеуді дамыту -1, Көркем әдебиет-0,5, Драма-0,5, Орыс тілі-0,5.

«Таным» саласында ерте жас тобында (1-2 жас) -1 сағат, Сенсорика-0,5,

Жаратылыстану-0,5.

I-Кіші топ (2-3 жас) -2 сағат Сенсорика-0,5, Құрастыру-0,5, Жаратылыстану-1

II-Кіші топ (3-4 жас) -2,5 сағат Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру-1, Құрастыру-0,5, Жаратылыстану-1

Ортаңғы топ (4-5 жас) -2,5 сағат Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру-1, Құрастыру-0,5, Жаратылыстану-1

ерте жас тобында (1-2 жас) -2 сағат, Сурет салу-0,5, мүсіндеу-0,5, Музыка-1 сағат.

I-Кіші топ (2-3 жас) -3 сағат Сурет салу-1, мүсіндеу-0,25, Апликация-0,25, Музыка-1,5 сағат.

-II-Кіші топ (3-4 жас) -3 сағат- Сурет салу-1, мүсіндеу-0,25, Апликация-0,25, Музыка-1,5 сағат.

Ортаңғы топ (4-5 жас) -3,5 сағат, Сурет салу-1, мүсіндеу-0,5, Апликация-0,5, Музыка-1,5 сағат.

II-Кіші топта-0,5 сағат, Қоршаған ортамен таныстыру -0,25, Экология негіздері-0,25 сағат.

Ортаңғы топ (4-5 жас) -0,5 сағат, Қоршаған ортамен таныстыру -0,25, Экология негіздері-0,25 сағат.

Ұйымдастырылған оқу қызметінің ұзақтығы:

ерте жас тобында (1-2 жас) -7-15 минут.

I-Кіші топ (2-3 жас) -7-15 минут

II-Кіші топ (3-4 жас) -7-15 минут.

Ортаңғы топ (4-5 жас) -15-20 минут

Ұйымдастырылған оқу қызметінің жалпы көлемі

ерте жас тобында (1-2 жас) -7 сағат.

I-Кіші топ (2-3 жас) -9 сағат

II-Кіші топ (3-4 жас) -11 сағат.

Ортаңғы топ (4-5 жас) -12 сағат

Бұрын «Алғашқы қадам», «Зерек бала», «Біз мектепке барамыз» бағдарламасымен оқу тәрбие жұмысын жүргізіп келдік. Енді

жаңа типтік бағдарламамен оқу тәрбие жұмысын жүргіземіз. Ұйымдастырылған оқу қызметін кіріктірілген түрде ұйымдастырамыз. Бағдарлама мақсаты мен міндеттері ҚР «Білім туралы» заңына, ҚР білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2021 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес әзірленген. Отандық және шетелдік ғылым мен тәжірибелерді ескере отырып бірыңғай үлгілік оқу жоспарын әзірлеу қажеттілігінен пайда болды. Және оны

бірыңғайлауда апталық тақырыптар белгіленді. Ұйымдастырылған оқу қызметінің кестесі де кіріктіруге ыңғайланып жасалды, тек дене шынықтыру мен музыка ғана кіріктірілмей жеке өтеді. Жылдық, апталық жоспарлар өзгермейді.

Осы өзгерістерді алдағы уақытта жоспар бойынша, жүйелі жүргізулеріңізді тапсырамын деді. Жалпы балабақша жылдық мақсаты «Таным» және «Денсаулық» саласы етіп алынды. Балалардың денсаулығын нығайта отырып, жан-жақты танымын арттыруда, дамытушы орталарды толықтырып, көрнекіліктер саны бала санына жеткілікті, талапқа сай болуына көңіл бөлінсін. Балаларды ынталандыратын, ықыласын арттыратын әдіс-тәсілдер, ойындар, зерттеу жұмыстары, серуендер мен іс-шаралар тартымды жоспарлансын. Тәрбиешілер талапқа сай материалдар жинақтап, сабаққа, ойынға алдын ала дайындықпен келсін, жауапкершілікпен қарауды тапсырамын деді.

Тыңдалды:

Сөйледі: Екінші мәселе бойынша балабақша әдіскері М.Шекербекова «Мектепке дейінгі ұйымдарда инклюзивті білім берудің проблемалары мен жолдары» тақырыбында баяндама оқыды. Баяндамада -инклюзивті білім беретін балабақшалардағы мәселелер мен жүргізілетін жұмыстар жөнінде әңгіме өрбітті. Мүмкіндігі шектеулі балаларды дені сау балалармен қосып оқу-тәрбие жұмысын ұйымдастырғанда, ол балалар жұмыстан шеттетілмеуге тиісті, оларға көмек көрсете отырып, қарым-қатынас орнату, өздерін еркін ұстап, достар табуы керек, және олардың бойындағы кемшіліктер қатты ауытқулар болмауы тиіс. Қатты ауытқулар болған жағдайда инклюзивті білім беру арнайы мекемелерде білім тәрбие алуы қажет. Сонымен бірге ауытқудың екі түрі бір балада кездескен жағдайда балабақшаға қабылданбайды, бір түрі болған жағдайда ғана қабылданады. Мүмкіндігі шектеулі балалармен дене шынықтыру және ән сабағында басқа балалармен бірге өткізіледі. Қалған уақытта жеке жұмыс немесе сол балапармен арнайы жұмыс ұйымдастырылатыны жөнінде айтып өтті. (Баяндама қоса тіркелді)

Тыңдалды:

Сөйледі: «Өзін-өзі дамытуды басқару құзыреттілігі» тақырыбы жөнінде балабақша меңгерушісі Р.Раимкулова сөз алды: Жалпы педагогтар қауымы заман талабы мен ағымына байланысты ізденіп, даму үстінде болуы керек. Кез келген маман иесі дамуы, ізденуі қажет.

Ал, К.Маркс болса: «өзін-өзі тану, өз бетінше даму - даналықтың белгісі» деп көрсеткен.

Бүгінгі пікір алмасу тақырыбы да осы «Өзін-өзі дамытуды басқару құзыреттілігі». Ұжымда педагогтар бірін-бірі тәрбиелейді, тәжірибе алмасады, тәлімгер тәрбиешілер жас мамандарға көмек көрсетеді. Бірақ жеке тұлға ретінде өзі ізденіп, өзі даму әрекеттері қандай? Өз пікірлеріңізді білдіріңіздер.

Сөйлегендер: Әдіскер М.Шекербекова сөз алды: Мен адамзаттың ең жоғары ақылмандық деңгейі - кез келген жағдайда бейімделуі деп ойлаймын. Қажет болған жағдайда өзіндегі білім мен тәжірибе, ақыл мен икем, тәрбие болса, қабілет болса жұмысың алға басады. Жағдайға қарап бейімделу де сол, тірліктің көзін тауып меңгеру, іздену, әрекет ету. Қандай жағдайда ыңғайлы, тиімді, адам өміріне зиянсыз, сапалы болады деп нәтижесіне жетуге ұмтылу.

Тәрбиеші М.Махатова: Тәрбиеші баланың ақылшысы, қорғаушысы, досы бола отырып, жауапкершілікті өз мойнына алады. Балаға жан-жақты тәрбие беру үшін өзінің де жан-жақты болуы тиіс. Балалар үшін бәрі жаңа, бәрі қызық. Оларға жас ерекшелігіне сай тура жауап, түсінікті ұғым беруіміз қажет. Алған жауабына бала қанағаттануы қажет. Біздің топтың балаларының сұрақтары да үнемі бізді қоршаған ортамен байланысты, табиғат, ақпарат құралдары жөнінде болады. Ал адам өзін-өзі әрине дамыту қажет деп білемін.

Балабақша психологы М.Шекербекова : Әр адам өзін-өзі дамытуда ,алдына бір мақсаттар қою керек деп ойлаймын.Мақсатқа жетудегі қиыншылықтар мен кедергілерден өту-даму деп ойлаймын.

-Өзін-өзі бағалауы қажет

-ұйымдастырушылық қажет

-өз белсенділігін зерделеу қажет

-қарым-қатынас орнатқан жағдайда ,жетістікке жетеді деп ойлаймын.

Тәрбиеші Ж.Қасымбекова : Педагог –өзін-өзі тану ,даму үшін - өзінің ойын ,жан тазалығын,тән тазалығын жүргізіп ойлану қажет.Яғни тән тазалығы -денсаулық,ой тазалығы - ақыл , жан тазалығы пәктік ,адалдық.Осы қасиеттер даму үстінде болса, демек ,ол адам да даму үстінде.Ал,қабілетті ,дарынды бала тәрбиелеу міндетіміз.

Тыңдалды :Келесі «Әлеумет саласына арналған әдебиеттер көрмесі» жөнінде б/б меңгерушісі Р.Раимкулова сөз алды.Ол өз сөзінде : Мектепке дейінгі білім берудің мемлекеттік стандартының «Әлеумет» білім беру саласының мақсаты : «Әлеуметтегі жағымды мінез-құлық пен қатынасқа қабілетті әлеуметтік-бейімделген шығармашыл тұлғаны тәрбиелеу,Отанға деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу,үлкендерді құрметтеу»

Осы білім беру саласының міндеттері балабақшамызда орындалуы , нәтижесі,жолдары қалай ұйымдастырылуда?Жалпы көрме ұйымдастырудағы мақсатымыз да сол,кездесетін проблемалар ,қажетті әдебиеттер мен көрнекіліктер сапасы мен санын анықтау еді.

Жалпы әлеумет саласында : - отбасында

- ұжымда

- қоғамда

Кездесетін балалардың өзін тану тәжірибесі жөнінде не айтасыздар?-деді .

Сөйлегендер : II-кіші топ тәрбиешісі Қ.Сүгірбаева сөз алды :

Сәбилерге әлеуметтік тәрбие беруде бүлдіршіндермен отбасы жөнінде әңгімелескенде : - өзі және отбасы жөнінде айта білуі,

-отбасы мүшелерінің немен шұғылданатыны,

- көршілердің атын айта білуі,

- үлкендерді сыйлау

- өз үйінің тұрғын жері туралы білуі

- алғыс айта білу

туралы әңгімелер ,суретпен ,альбоммен әңгімелер,санамақтар, бейнетаспалар көру арқылы нәтижеге жетуге әрекеттенеміз.

Тәрбиеші: З.Тұяқбаева Мектепке дейінгі балалардың әлеуметтік дамуында ұжымда этикалық қарапайым ережелерді меңгеруде (сәлемдесу,алғыс білдіру,кешірім сұрау,дастархан басында өзін дұрыс ұстау,т.б) сияқты ережелерге мән береміз.Біздің топтың балалары ересектер болғасын меңгерген,ал балаларды (қоғамда) әңгімелесу,суреттер арқылы ,әңгіме,ертегі, аңыз әңгімелер оқып беру,қоршаған ортамен таныстыруда бейнетаспалар,альбомдар көру,серуенге шығу арқылы

- Мемлекеттік ту мен әнұранды білу

- Ұлттық мереке ,салт-дәстүрімізді білу

- Адамдардың жасына ,ұлтына,әлеуметтік жағдайына қарамай сыйлауға тәрбиелеу.

- Басқа ұлт өкілдерін ,мәдениетін таныстыру мақсаттарына жетуге ұмтыламыз.

Балабақша әдіскері М.Шекербекова сөз алып :

Қазақ халқының ұлы ағартушысының бірі М.Жұмабаевтың еңбектерінде жазылған: «Әр тәрбиешінің қолданатын жолы - ұлт тәрбиесі»Әрбір ұлттың бала тәрбиесі туралы ескіден келе жатқан жеке-жеке жолы бар.Ұлт тәрбиесі баяғыдан бері сыналып ,көп буын қолданып келе жатқан тайғақ жол болғандықтан ,әрбір тәрбиеші сөз жоқ ,ұлт тәрбиесімен таныс болуға

тиісті. Және әрбір ұлттың баласы өз ұлты үшін қызмет қылатын болғандықтан, тәрбиеші баланы сол ұлт тәрбиесімен тәрбиелеуге міндетті.»-деп көрсеткен деді. Демек, балабақшада балалардың бірлескен бірлескен ұжымында, отбасында, қоғамда әлеуметтік тәрбие беруде сыны ескеруді ұсынамын. Ал, көрмеге тоқталатын жалпы барлық топта ұлттық тәрбие беретін ұлттық бұрыштар, Республикамыздың елтаңбасының, туының суреттері бар, рәміздерді балалар біледі, ұлттық ойындар ойналып, ұлттық мерекелер аталып өтіледі. Халқымыздың мақал-мәтелдер жинағы, жаңылтпаштар, әңгімелер, аңыз әңгімелер мен ертегілер жинағы бар, хрестоматиялар, бүкіл жер шарының картасы - глобус бар, маман иелерінің суреттері, үлкендердің қызметтері бейнеленген суретер бар. Әлеумет саласының көрнекілік құралдарын үнемі жаңалап, толықтырып отырайық.

Балаларымыздың өмірге ойдағыдай бейімделуі мен әлеуетте өз орнын таба білуіне негіз болатын тәрбие мен жол көрсете білейік деді. Тыңдалды: Келесі мәселе Тәрбиешілердің шығармашылық тақырыптарын бекіту жөнінде балабақша меңгерушісі Р.Раимкулова сөз алды. Ол өз сөзінде: Өткен кеңесте шығармашылық жұмысарыңызға есеп беру кезінде де «Елбасымыздың сапалы білім беруге қол жеткізуіміз керек деген тапсырмасын сөзге тиек еткен едім. Іздену, даму, еңбектену жұмыстарын бірде-бір педагог тоқтатпасын, ізденіп жұмыс жасайық, жаңа технологияны меңгеруге ұмтылып, қызықты етіп, педагогикалық үдерісте балалар жалықпайтын, ықыласын арттыратын әдіс-тәсілдерді меңгеруге, жүргізуге бет бұрайық деген едім. Жаңа оқу жылында таңдаған шығармашылық тақырыптарыңызға ерінбей материалдар іздеп, жинақтап, жаңа тұрғыда байланыстар

тауып, ендіруді тапсырымын. Бекітілген тақырыптармен жүргізуде табыс тілеймін.

Шешімі:

1. Жылдық жоспарда көрсетілген міндеттер бойынша, бекітілген күн тәртібі, сабақ кестесі бойынша оқу-тәрбие жұмысы жүргізілсін.
2. Инклюзивті білім беруді қажет ететін топтар, баяндамада аталған проблема мен жолдарына мән беріп, балалар оқу тәрбие ісінен шеттетілмесін, жалғасын тапсын.
3. Әрбір педагог өз белсенділігін зерттеп, зерделеп, жетістіктерге жетуге дамуға әрекеттенсін.
4. Тәрбиешілер шығармашылық тақырыптарына сай, ізденіп, материалдар жинақтауды жалғастырсын.

Төрайымы: / *Р.Р.* / Р.Раимкулова
Хатшы: / *М.М.* / М.Махатова

Педагогикалық кеңестің №2 хаттамасы

Мерзімі:

24.10.2020 ж

Қатысқандар: 15

Күн тәртібі:

1. Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы жөнінде
2. Ата-аналармен жүргізілетін жұмыс түрлері мен жоспар құрылымы. (баяндама тәрбиеші М.Махатова)
3. Ата-аналармен жұмыс түрлері. Ата-аналар рингі (сұрақ-жауап)
4. Ашық сабақтарды талқылау.

Тыңдалды: Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы жөнінде

Сөйледі: Р.Раимкулова – балабақша меңгерушісі «Педагогикалық кеңесетер» мақсаты педагогикалық үдеріс сапасын жақсарту, қарастыру болып табылады. Педагогикалық үдеріс сапасын көтеру жұмысымыз да тиянақты, жан-жақты қамтылған болу керек. Балабақшада бекітілген күн тәртібі, сабақ кестесі бойынша күнделікті жұмыс жүруде. Балаларға балабақшада ең бірінші қауіпсіз, санитарлық-гигиеналық жағдай жасалып, аптаслық жүктеме саны, ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің ұзақтығы сақталып, балаларға физикалық, психологиялық ауырлық түспеу сәйкестігі сақталу керек. Балалар ойнап жүріп өзіне қажетті түсінік, ұғым, білім мен дағдылар алуы керек. Барлығын ойын түрінде, жеңіл қабылдайтындай етіп өтудеміз.

Өткен кеңесте педагогтармен өзін-өзі дамыту жөнінде әңгіме қозғадық. Әр тәрбиеші өзін-өзі зерттеп, зерделеп ойлансын дегенбіз. Сол жөнінде өз ойларыңызды ортаға салыңыздар.

Сөйледі: Ж.Қасымбекова – ортаңғы топ тәрбиешісі мен өзімді жас маман, тәрбиеші ретінде, балабақшадағы тәжірибелі тәрбиешілерден өзіме алатыным көп. Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінде қолданылатын әдіс-тәсілдер, құралдарды пайдалану, сөз мәнері бәрі мен үшін үлгі, даму.

Сөйледі: Қ.Сугирбаева – тәрбиеші жалпы әрбір адам өз мамандығын меңгерген, белсенді, білікті маман иесі болудың өзі даму. Мысалы балабақшада өткен әрбір педагогикалық кеңесте семинар сабақ, ашық ұйымдастырылған оқу іс-әрекетіне қатысу, пікірталасу, тренингке қатысу біз үшін көп нәрсе береді. Оған ән айту, өлең оқуды ұнатамын, жаным жақын болған соң оны шетте қалдырғым келмейді. Атқаруға тиісті міндеттерден басқа өнер де адамға артықтық етпейді деп ойлаймын.

Сөйледі: М.Махатова – ортаңғы тобының тәрбиешісі мен жалпы балаларды өте жақсы көремін. Олардың қуанған, шаттыққа бөленген көз жанары мен қылықтарын, сөздерін ұнатамын. Мен оларды қуыршақтармен қуантамын – мен үшін де ол үлкен қуаныш. Қуыршақтардың әр қайсысын бір-біріне ұқсамайтын, қызықты, әдемі, сапалы етіп тігуді өзіме бір мақсат етіп қойдым.

Сөйледі: Р.Раимкулова – балабақша меңгерушісі мамандықтарыңызбен қоса қосымша бір өз сүйікті ісіңізбен айналысу әрине өз істеріңіз. Ал дамыту сөзі – бір басқа. Әсіресе жас буынға заманның ағымына, талабына, бәсекеге сай ұрпақ тәрбиелеу үшін, біз де заман талабына сай, жаңа технологияны меңгеріп, көп тілді меңгеріп, сай болуға ұмтылайық, ізденейік, компьютер заманы болды. Компьютерді меңгерейік деді.

Тыңдалды: Ата-аналармен жұмыс түрлері. Ата-аналар рингі (сұрақ-жауап)

Сөйледі: Қ.Сүгірбаева «Ата-аналармен жүргізілетін жұмыс түрлері» тақырыбында баяндама оқыды. Баяндамада ата-аналармен жүргізілетін жұмыс түрлері, ұйымдастырылуы, әдіс-тәсілдері, мақсаты мен маңызы, қатысуға міндетті мамандар жөнінде тәрбиешінің көпшілік алдында сөз сөйлеу ережесі, жиналысты дұрыс өткізуі

жөнінде, балалардың қатысуы қай жерде қажет, қажет емес, ата-аналар топқа қай кезде ене алады? Дәрістер мен баяндамалар мақсаты не? Ата-аналар жиналысының үлгісін, ойындар ұсынылып, түсіндіріп өтті. (Баяндама қоса тіркелді)

Сөйледі: Б.Сазахан – сазгер баяндамада ата-аналармен жұмыс түрлері түгел қамтылған, маған ұнады. Менің тоқталған жұмыс түрі жеке тақырыптық кеңестерге тоқталып өтсем. Осы жеке тақырыптық кеңес мен үшін маңызы зор. Себебі балалардың шығармашылық қабілетін байқап, жетілдіруде, жеке жұмыс жасауда кеңестер берілсін. Кеңесе отырып, нәтижелер оң болып шығуына, ата-аналарға үгіт-насихат беріп, балалармен жұмыс жүргіземін деді.

Сөйледі: М.Шекербекова – әдіскер баяндамада жұмыс түрлері көрсетілген. Тәрбиеші тоқталғанда кейбір түрлерін сенімсіздеу жеткізді. Өйткені практика жүзінде өзі өткізіп көрмегені көрініп тұр. Өз ісіне сенімді болмаған кезде, ойың осылай шашыраңқы, түсініксіз болады. Сенімділік болу үшін, жұмыстың тиянақты, дайындалған, ізденген, өткізген кезде – батыл сөйлейсің. Осы түрлерін өткізіп, ізденуді ұсынамын деді.

Тыңдалды: Ата-аналармен жұмыс түрлері. Ата-аналар рингі (сұрақ-жауап)

Сөйледі: Қазіргі тәрбиеші З.Тұяқбаева баяндама тақырыбын педагогикалық кеңеске күн тәртібіне қойып, оны пысықтау мақсатында осы тақырыпта сұрақ-жауап алуды жөн көрдік. Аталған жұмыс түрлері қалай ұйымдастырылады, тәрбие түрі қалай ұйымдастырылады, тәрбиешінің мақсаты, басқа да мамандар міндеті, ата-аналармен бала тәрбиесі жөнінде проблемаларды шешуде ынтымақтастық пен тығыз байланыста болу жолдарын қарастыру. Тәрбиеші қалаған соң емес, баласының тәрбиесі маңызды екенін түсініп жиналыста болу, атсалысуға үйрету.

Тәрбиешілерден алынған сұрақтар мазмұны:

- Ата-аналар рингін қалай ұйымдастырады?
- Ата-аналармен жүргізілетін тренингтердің мақсаты не?
- Ата-аналармен дәстүрлі емес жұмыс түрлерін ата?
- Ата-аналар жиналысын дұрыс өткізу жолдарын ата?
- Ата-аналарға арналған кештердің мақсаты не?
- Жеке тақырыптық кеңестердің мақсаты не?
- Ата-аналар алдында сөйлеуге үйрену ережесі
- Ата-аналар жиналысына қатысуға міндетті мамандар
- Ата-аналармен экспресс пікір терім қалай өтеді?
- Ата-аналарға арналған дәрістер мәні мен маңызы?
- Ашық есіктер күнінің маңызы, мақсаты
- Ата-аналар конференциясы
- Отбасы мүшелерінің топқа енуі қай кезде іске асырылады?

Тыңдалды: Ортаңғы топ. «Қызықты математика» Математика. М.Махатова

Ашық сабақты талқылауы

Сөйледі: С.Абубакирова – тәрбиеші сабаққа ұқыптылықпен дайындалған. Балаларды қызықтырып, ықыласын аударуға арналған ірі, әдемі ойыншықтар пайдаланды. Мақсатына жетті деп ойлаймын.

Сөйледі: Г.Шымырбаева – тәрбиеші балалар карточкамен жұмыс істеуді меңгерген, солдан оңға қарай орналастыруды тәрбиеші ескертіп отырды. Балалар заттарды оң қолымен алып, орналастырды. Көрнекіліктер де өте әдемі болды. Тәрбиеші мен балалар арасында ынтымақтастық бар. Бес саламен байланыстыра білді.

Шешім:

1. Ата-аналармен жұмыс түрлері қамтылып, жоспарға енгізілсін.
2. Ата-аналармен педагогикалық ынтымақтастық орнатуда, дайындық жұмыстары жауапкершілікпен, қызықты ұйымдастырылсын.

3. Тәрбиеші Г.Кемелованың сабағындағы әдіс-тәсілдері ұйымдастырылған оқу іс-әрекетіне ендірілсін.

Төрайымы:

Хатшы:



Р.Раимкулова



М.Махатова

Педагогикалық кеңестің №3 хаттамасы

20.12.2020 ж

Мерзімі:

Қатысқандар: 12

Күн тәртібі:

1. Өткен кеңестің шешімінің орындалуы жөнінде
2. Мектеп жасына дейінгі балаларға «Ақпараттық мәдениет туралы қарапайым түсінік білім беру» (Баяндама) Тәрбиеші С.Абубакирова
3. Балаларды ақпараттық мәдениеттің элементтеріне тәрбиелеу. Викториналық сұрақтар.
4. Зерттеу, іздестіру әрекеттеріне арналған ойындар жинағы. Көрме.
5. Ашық сабақтарды талқылау.

Тыңдалды: Өткен кеңестің шешімінің орындалуы жөнінде

Сөйледі: МүШекербекова – балабақша әдіскері ата-аналармен ұйымдастырылған жұмыстарға келсек, жалпы және топ жиналыстары оқу жылының басынан бері 2 рет өткізілді. Салауатты, саналы тәрбие беруде – біріге отырып, балаларға жағдай туғызу, балалардың жан-жақты дамуында туындаған мәселелерді біріге отырып шешу жолдарын қарастыруда, шешім қабылдауда мамандарға жүгінуге, өз ойларын, ниеттерін білдіруде ортаға салып пікірлестік деді. Алдағы уақытта да ашық есік күнін өткізу, сауалнамалар мен тренингтер өткізу, дөңгелек үстел, туылған күнде, спорттық мерекелер ұйымдастыру жоспарлануда деп айтып өтті.

Тыңдалды: Мектеп жасына дейінгі балаларға «Ақпараттық мәдениет туралы қарапайым түсінік білім беру» (Баяндама) Тәрбиеші Қ.Сүгірбаева

Сөйледі: тақырыбында баяндама оқыды. Баяндамада қоғамдағы ақпараттандыру процесі өте тез қарқынды даму үстінде екендігін, мектеп жасына дейінгі балаларды ақпараттық мәдениеттің элементтеріне тәрбиелеуге тоқталып өтті. Балалардың қаншалықты ақпаратты алуға және қолдануға тырысуы, тірі затты бағалай білуі, үлкендермен және құрбы-құрдастармен ашық-жарқын қарым-қатынаста болуы педагог пен ата-аналардың шеберлігіне байланысты. Себебі өсіп келе жатқан ұрпақтың өмірге деген санасының қалыптасуы, көбінесе алған ақпараттарына байланысты. Бала жаңа ақпаратты тәрбиешіден, ата-анадан, басқа да үлкендерден тек сөзбен алып қоймайды. Үлкендердің іс-әрекеті, танымдық ойын материалдардан, бақылау, әңгімелесу, диалог тәсілдері арқылы алған білімдерін тәжірибелерін айтуға болады. (Баяндама қоса тіркелді)

Тыңдалды: Екінші мәселе бойынша педагогтар 2 топқа бөлініп, викториналық сұрақтар арқылы сайысқа түсті. Сайыста викториналық сұрақтар балаларды ақпараттық мәдениеттің элементтеріне тәрбиелеу әдіс-тәсілдері жөнінде болды.

Викториналық сұрақтар:

- Сезімдік тәжірибе кезінде ақпарат алу
- Ым, ішара, қимыл, сөз, дыбыстың көмегімен ақпарат алу, беру.
- Ақпаратты кодтау, символдық белгі тәсілдерін қолдану,
- Ежелгі және қазіргі кездегі ақпараттарды сақтау.
- Адамдар арасында мәліметтермен алмасу, жануарлар мен өсімдік әлеміндегі тірі және өлі табиғат арасындағы сигналдармен алмасу арқылы енетін ақпараттар.
- Ақпаратты алуда, сақтауда, өңдеуде адамның қазіргі замандағы техникалық көмекшілері.
- Бақылау, талқылау, сұрақтар қоя білу іс-әрекеттерінің көмегі арқылы ақпарат алу.
- «неге?», «қалай?»
- Заттардың және құбылыстардың қажетті қасиеттерін көре білу.
- Қоршаған әлемді бақылау және оймен қарай білу.

- Ақпараттар жинай білу
- Ақпараттың ең маңызды аспектісін бағдарлай білу

Сөйледі: А.Удербасева – тәрбиеші

«Балаларды жаңа нәрсемен, затпен хабармен хабардар ету үшін бірінші баланың назарын аударып, топ бойынша, немесе жеке түрде көрсетіп түсіндіремін. Мысалы символдық түрде, таңба түрінде ақпарат беруде өз шкафтарындағы әр түрлі суреттер бар, белгілеп тану, ажырату үшін математикадан жұмыс жасау, карточкасындағы жолақшаларға сүйене отырып, оң, сол, жоғары, төмен жақтарын ажыратуды таниды.

Сөйледі: Қ.Сүгірбаева педагог-психолог ым, ішара, эмоция арқылы балалар өзіне адамның көңіл күйі жөнінде ақпарат алады. Балалармен жұмыс істеуде смайликтердің көп көмегі тиеді. Балаларға көңіл күйді айтып, сол смайликке етіп таңдауды тапсырамыз. Таңдану, күлу, ренжу сияқты түрлерін қиналмай-ақ табады.

Бірінші топ – 8 ұпай, екінші топ 4-ұпай жинады, қызықты, тартысты өтті.

Балабақша меңгерушісі Р.Раимкулова осы элементтерді педагогикалық процес кезінде пайдаланып, ендіруді тапсырды. Тәрбиешілер өздеріне білім, ұғым мен тәжірибе алып, ойлары өсіп қалды.

Тыңдалды: Зерттеу, іздестіру әрекеттеріне арналған ойындар жинағы. Көрме.

Сөйледі: Көрменің мақсаты: Балалардың қоршаған ортаға танымдық қызығушылықтарын арттыру, өсімдіктер, жануарлар әлемі, табиғаттағы маусымдық өзгерістер туралы ұғымдарын қалыптастыру, заттар арасындағы байланыстардың себеп-салдарын, құбылыстар мен оқиғаларды түсіну іскерліктерін қалыптастыру. Заттарды көлеміне, түсіне, пішініне, бөлшектеріне, сапасына, қызметіне, ерекшелігіне қарай ажыратып, оларды қолдану іскерліктерін жетілдіру.

II кіші топ тәрбиеші А.Мырзабекова

Ойындар: «Табиғаттың кереметі»

- «Заттың атын табайық»
- «Табиғат құбылыстарын ажыратып, олардың қасиеттерін ата»
- «Бөлме өсімдіктері ме, дәрілік өсімдік пе?»
- «Тұқымына қарай ағашын тап»
- Тамшының жыл мезгілдеріне саяхаты»
- «Жапырағына қарай ажырат»
- «Сен жасыр, біз табамыз»

II кіші топ тәрбиеші Қ.Сүгірбаева

- «Жұмсақ және қатты»
- «Шешуін тап»
- «Аузымызға не түсті, тісімізге не тиді?»
- «Дөңгелек, үшбұрыш, шаршы»
- «Суреттегенді тап»
- «Ойыншықтар қайда жасырынды

Ортаңғы топ тәрбиеші М.Махатова

- «Жемістер мен көкөністер»
- «Су қайда кетті?»
- «Судың түсі»
- «Мұз қайда кетті?»
- «иіскеп, сезіп, таны»
- «Қатты-жұмсақ»
- «Қысқа-ұзын

II кіші топ тәрбиеші Қ.Сүгірбаева

- «Сабынды көпіршектер»

- «Бояуларды араластыр»
- «Құммен ойын»
- «Мынау қай пішін»

II кіші топ тәрбиеші А.Мырзабекова

- «Қағаз қарлар»
- «Сиқырлы магниттер»
- «Ғажайып дорба»
- «Жаңғақ кемелер»

II кіші топ тәрбиеші Қ.Сүгірбаева

- «Ойыншықтарды жасыр»
- «Мен пісірдім»
- «Ақшақар»
- «Қар лақтыру»

Ортаңғы топ тәрбиеші М.Махатова

- «Мынау қай пішін?»
- «Жәй және тез»
- «Қолымда не бар?»
- «Батады-батпайды»
- «Ериді-ерімейді»

Ортаңғы топ тәрбиеші Ж.Қасымбекова

- «Су азайды ма, көбейді ме?»
- «Жеңіл, ауыр»
- «Судағы мұз»
- «Сусымалы заттар»

II кіші топ тәрбиеші А.Момынова

- «Құмдағы жолдар мен өрнектер»
- «Түрлі түсті сүлгілер» боялған суды қатыру
- «Резеңке ойыншықтармен ойын»
- «Параллондармен ойын»

Сөйлегендер: Б/б меңгерушісі Р.Раимкулова балалар ойынмен жетіледі, оларға бәрі қызық, ойнайды, әрі ермек етеді. Зерттеу ойындары кезіндегі сіздерге қойылатын бірінші талап баланың өміріне қауіпсіздігін ескеру, жас ерекшелігін ескеру, аузына салып дәмін көруге олар өте құмар болады. Осы жинақталған зерттеу – іздестіру ойындарын өңдеп, қайта топтап кітапша жасатуды тәрбиеші Махатова Мақпалға тапсырамын. Әдістемелік құрал ретінде балабақшадағы барлық топ пайдалануға болады деді.

Тыңдалды:

Тәрбиеші Ж.Қасымбекова «Денсаулық» саласынан дене шынықтыру сабағы талқыланды.

Сөйлегендер:

II кіші топ тәрбиешісі А.Мырзабекова

Тәрбиеші балалармен бірге жаттығу жасағанда тапсырманы түсіндіріп, көрсетіп сосын әуенмен бәрі бірдей жасауға шақырды. Әуендер көңілді, балаларға жағымды әсер етті.

Балалар өздерін еркін ұстап, сергіп қалды. Тәрбиешінің берген бұйрығына, ойын ережесіне бағына білді.

Әдіскер: А.Удербасова балалардың жаттығуларды орындауды икемділігі жақсы, шеңбер бойымен жүру, жүгіру жаттығуларын жақсы орындады, ара қашықтық сақтауға жиі шақырып тұру қажет. Жаттығулар ең біріншісі бас, мойын, бұлшық еттеріне, екіншісі белге, үшіншісі бұлшық еттеріне жасалынды. Жаттығулардан соң көңілді автомобильдер ойынын балалар зор ықыласпен ойнады.

Шешім:

1. Балалардың қарапайым ақпарат көздерін пайдалануда дағдыларын жетілдіруді ұйымдастыру.
2. Баяндамада аталған ақпараттық мәдениеттің элементтерін, аталған әдіс-тәсілдерді оқу тәрбие үдерісінде пайдалану, тәрбиелеу.
3. Тәрбиеші З.Туякбаева зерттеу-ізвестіру ойындар жинағын топтасын, жыл бойы балабақшада ойындар жоспарға енгізілсін.
4. Тәрбиеші Қ.Сүгірбаеваның сабағы жақсы деп бағаланып, оқу-тәрбие ісіне ендірілсін.

Төрайымы: /  / Р.Раимкулова

Хатшы: /  / М.Махатова

Педагогикалық кеңестің № 4 хаттамасы

Мерзімі:

31.03.2021 ж

Қатысқандар: 15

Күн тәртібі:

1. Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы жөнінде
2. Қоршаған ортаға, табиғатқа қамқорлықпен қарайтын, қарапайым экологиялық түсініктерді меңгерген бала тұлғасын қалыптастыру. (Баяндама)
3. Қоршаған ортаға танымдық қызығушылығын арттыру. (пікір алмасу)
4. «Табиғат біздің анамыз» атты жылжымалы папкалар мен альбомдар көрмесі.
5. Ашық сабақтарды талқылау.

Тыңдалды: Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы жөнінде

Сөйледі: Р.Раимкулова – балабақша меңгерушісі бала өзіне жан-жақтан ақпарат алып, меңгере бастайды. Тек біздің сөз сөйлеу мәнеріміз, іс-әрекетіміз, қимылымызға да еліктеп, қайталауға әрекеттенеді, бойына сіңіріп өседі. Құрдастарымен қарым-қатынасқа түсіп, олардың әрекетімен, ойымен, мінезімен бөліседі. Жалпы қоршаған ортасына қарап өзіне мағлұмат алып, ойы, тіл байлығы дамиды.

Ойын кезінде танымдық білімдері артып, өмірлік тәжірибеде пайдалануға әрекеттенеді. Мысалы: балабақшада зерттеу – іздестіру ойындарында (қант, тұз) екеуін үйде бақылау жасап қайталады. Мұзды бояуды, суға бояу, қатыру арқылы жасалатынын, сабынды көпіршектермен ойнау, қағаздың суда жібитіні, жыртқанда дыбыс шығуы, бүктеу арқылы түрлі заттар жасауға болатыны туралы. Балалармен ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінде, өмірін ұйымдастыруында түрлі зерттеу-іздестіру ойындары жоспарлануда. Заттардың көлемі, түсі, пішіні, қасиеттері, санын ажырата отырып көп нәрсеге көз жеткізеді.

Балалардың қызығушылығын, танымдық белсенділігін дамытуда қажетті ортаны үнемі қызықты, мазмұнды етіп құруға әрекет етуді тапсырамын деп сөзін аяқтады.

Тыңдалды: « Қоршаған ортаға, табиғатқа қамқорлықпен қарайтын, қарапайым экологиялық түсініктерді меңгерген бала тұлғасын қалыптастыру.» (Баяндама)

Сөйледі: М.Махатова – ортаңғы топ тәрбиешісі өз баяндамасын оқыды. Баяндамада: балаға табиғаттың ықпалы зор. Оларға заттар мен құбылыстардың әсерін: көру, есту, ұстау, иіскеу, дәмін тату, эксперименттеу арқылы сезімге жағдай жасауымыз қажет. Балалар күнделікті тәжірибесінде: құстарды және жәндіктерді бақылау жер бетіндегі өсімдіктер мен жануарлар туралы телехабарды көру, бөлме гүлдерін, аула гүлдерін отырғызу, күту арқылы табиғат нысаны мен құбылыстарымен тығыз байланыста, қарым-қатынаста болады. Табиғат құбылыстары мен көріністері балаларды сұлулығымен, қанық бояларымен тәнті етеді. Қоршаған ортамен қарым-қатынас баланың сезімін оятып қоймай, фантазиясын, тіл байлығын оятып, түрлі сұрақтар қоя бастайды. Балаларды қоршаған ортамен таныстырып қана қоймай, әлемді сүйіп, оның заңдарына сүйеніп, яғни табиғатты аялау, жауапкершілік сезімдерін ояту жөнінде іс-әрекеттер ұйымдастыру туралы болды.

Сөйлегендер: Ж.Қасымбекова – тәрбиеші ортаңғы топта балалар көп нәрсені түсініп, қызығып, заңдылықтарына да мән береді дегеніне мен келісемін. Себебі: серуенде құсқа қамқор болу, ұя жасап, жем беру, гүлдерді күту, ауланы ластамау, немесе ағаштарды сындырмау, бәрін түсініп, ондай іс-әрекеттердің пайда-зиянын біледі. Тіптен «Жасыл ел» бағдарламасына сәйкес жасыл галстук тағып, елімізді көгалдандыру мен көріктендіруге қатысушы жастар жөнінде бейне таспалар көріп, соларға ұқсауға бағады. Ж.Қасымбекова – тәрбиеші Балалар өсе келе түрлі табиғат құбылыстарын аңғарып, мән береді. Және сұрақтары да көп. Мысалы: Жұлдыз неге ағады, бұлттар бірде бар, бірде

жок? Теңіз суы қайдан келеді? Құм неге сусиды деген сұрақтар қояды. Бәрін білгісі келіп тұрады. Ал, мен оларға табиғатты қорғау міндетіміз, өйткені көптеген жануарлар, құстар, өсімдіктер жоғалып кетуде, олар қызыл кітапқа енген. Ауа, су, ағаштарды қорғап, ластамауға дағдыланайық деп үйретемін. Түрлі ойындармен, зерттеу-ізвестіру жұмыстарымен байланыстыруға әрекеттенемін.

Тыңдалды: Қоршаған ортаға танымдық қызығушылығын арттыру. (пікір алмасу)

Сөйледі: педагогтар балалардың қоршаған ортаны қабылдауын, білімдерін шығармашылықпен байланыстыруды дамыту, іскерліктерін дамытудың жолдарын сөз етті. Мысалы: жел тұру, ағаштар тербелуі, судың толқын тебіренуілерін қимылмен әуенге сәйкес келтіру, жапырақтың түсуі, құстардың ұшуын, қар жауын, кемпірқосақтар түсін бейнелеу, жапсыру арқылы, табиғи материалдармен түрлі заттар жасап, қалдық заттарды қолданып зат жасауға үйрету жөнінде айтылды.

Тыңдалды: «Табиғат біздің анамыз» атты жылжымалы папкалар мен альбомдар көрмесі.

Сөйледі: Р.Раимкулова көрме жайлы айта келіп, «Балауса» II кіші топ тәрбиешілер А.Удербасова, Қ.Сүгірбасова Таулы, орман, сулы жерлерден жыл мезгілдері көріністері, құстар, орман жануарлары екені туралы айтып ұсыныс берді.

Ұсыныс: Суреттер санын толықтыру.

«Балдәурен» II кіші топ тәрбиешілері А.Мырзабекова, Қ.Сүгірбасова

Таудан аққан су, гүлдер, тау бөктеріндегі шыршалар, табиғат көріністері орман іші көріністері.

Ұсыныс: толықтыру.

«Балауса» II кіші топ тәрбиешілер А.Удербасова, Қ.Сүгірбасова

Су асты тіршілігі, балықтар, су жәндіктері, әдемілігі, су асты өсімдіктері

«Еркетай» ортаңғы топ тәрбиешілері

М.Махатова, Ж.Қасымбекова

Ағаш түрлері, әдемі сұлу, қатар түзеген жалғыз көлеңкесі үлкен, күзгі ағаштар жапырақсыз, ұсқынсыз ағаштар, көктемгі гүлдеген мәуелі ағаштар, үстіне көп құстар қонақтап ұя салған ағаштар.

«Толағай» ортаңғы топ тәрбиешілер М.Махатова, Ж.Қасымбекова құстар, көгершіндер, аққулар, түрлі-түсті тоты құстар, қаздар, үй құстары, балапандар, қарлығаш, үкі, бакыт құсы, көкек, түйеқұс, қараторғай, торғай.

Ұсыныстар: Барлық топта әдемі сұлу табиғат пен жануарларды және соларды жойып, қиратқан, ластаған және орман қорғаушысы қызметкерлері, брооньерлер, жасыл-галстук таққан табиғат қорғаушылар жөнінде суреттермен толықтыру.

Тыңдалды: Ашық сабақтарды талқылау.

Сөйледі: тәрбиешілер М.Махатова, Ж.Қасымбекова «Өсімдіктер әлемі» атты ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті туралы айтты. Ондағы сабақтың мақсаты балалар жасына лайықты алынған. Табиғат туралы қысқа және нақты мағлұмат алды. Таза ауада серуендеп жүріп, ауа жұтып, зерттеп, көбелектер ұстау ойынын қызыға ойнады. Арықтан аққан суды бақылап, оның өсімдіктерге қажет екенін көзбен көріп, сұрақ-жауап өткізді. Балалардың сөздік қоры байып, әдемі әсер алды. Еңбекпен байланыстырды.

Сөйледі: – М.Махатова, тәрбиеші маған тәрбиеші Ж.Қасымбекова сабағы ұнады. Тәрбиеші алдына ала бәрін жоспарлаған, құрал-саймандары да түгел. Табиғат жайлы әдемі жылулық шеңберін құрды. Балалар мен тәрбиеші арасындағы ынтымақтастық қарым-қатынас өте жақсы орнаған. Жалпы балалар таза ауада өздерін де еркін, ыңғайлы ұстады.

Шешім:

1. Өткен кеңес шешімдерінің орындалуы жалғастырылсын.
2. Ұйымдастырылған оқу-тәрбие үрдісінде балаларды табиғатпен таныстырумен бірге, табиғатты қорғау, аялау сезімдеріне тәрбиелеу.
3. Танымдық қызығушылығын арттыруда қызықты, мазмұнды әдіс-тәсілдер, ойындар пайдаланылсын.
4. Альбомдарға жасалған ұсыныстар, толықтырылсын.
5. Тәрбиеші Г:Шымырбаеваның ашық сабағы жақсы деп бағалансын, әдіс-тәсілдерін, элементтерін ұйымдастырылған оқу іс-әрекетіне ендірілсін.

Төрайымы:

Хатшы:



Р.Раимкулова



М.Махатова

Педагогикалық кеңестің №5 хаттамасы

Мерзімі:

30.05.2021ж

Қатысқандар: 12

Күн тәртібі:

1. Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы жөнінде
2. Тәрбиешілердің шығармашылық жұмыстарына есеп беруі
3. Жазғы сауықтыру жұмысын бекіту
4. Қорытынды мониторинг
5. Ашық сабақтарды талқылау

Тыңдалды: Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы жөнінде

Сөйледі: Р.Раимкулова – балабақша меңгерушісі балаларға жан-жақты тәрбие беруде таным саласы, экология негіздері ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті мен қоршаған ортамен таныстырудың мақсаты: балалардың экологиялық сана сезімінің негізін қалыптастыру, қоршаған әлеммен үйлесімді өмір сүрудің қажет екені туралы түсініктерін қалыптастыру, қоршаған ортадағы таным іс-әрекетіне қызығушылығын қалыптастыру. Бұл түсініктерді табиғаттағы маусымдық өзгерістермен таныстырып, бақылау жасау арқылы, өсімдіктер мен жануарлар әлемімен таныстыра отырып, береміз. Мысалы серуендеу кезінде көбірек көңілдерін бөліп күзде жаңбыр көп жауып, шалшық су жиналып, күн суытса, қыста аяз болып, қар жауады, көктемде құстар келіп, егін егіледі, гүлдер гүлдеп, көшеттер отырғызамыз, аула гүлін егеміз, жазда күн жылы емес, қатты ысиды, ағаштар жапырақтары үлкейіп өседі, құстар мен жәндіктер көбейеді, жеміс-жидек піседі. Бәрін бақылап, көріп, суреттер, муляждар, бейнетаспалар, ойындар, пайдаланамыз. Жас ерекшелігіне қарай гүлдің түрлерін атап, ажырату, олар жарықты жақсы көреді, сабағы арқылы көбейеді, кейбір гүлдер күндіз ашылып, кешке жабылады, көшет немесе тұқымдар арқылы көбейеді деп мағлұматтар береміз.

Тыңдалды: Тәрбиешілердің шығармашылық жұмыстарына есеп беруі

Сөйледі: А.Шекербекова – тәрбиеші шығармашылық жұмысының тақырыбы: «Балалармен жапсырудың тәсілдерін меңгеру»

Жоспар түзілген, өнімді іс-әрекеттер бағыттары, жапсырудың түрлері, тәсілдері талданып сызбасы жасалған. Балалармен заттық және табиғи материалдармен ұжымдық жұмыстарды орындаған, басқа саламен байланыстырып сабақтар өткен.

Ұсыныс: жасалған сызба, жоспарларды компьютерде түрлі түсі етіп, әсемдеп жасау, түрлендіру, толықтыру.

Сөйледі: Ж.Қасымбекова – шығармашылық жұмысының тақырыбы:

«Баланың сөздік қорын дамыту»

Тақырыпқа арналған кірсіпеді тақырыптан ауытқып кеткен. Тілдің жалпы дамуына, үлгілеріне тоқталған. Жоспар жоқ.

Ұсыныс сөздік қорын байытуда балалардың қоршаған орта туралы түсініктерін қалыптастыруда барысында сөздік қорын дамыту, сөз таптарына (зат есім, сын есім, үстеу) қатысты сөздермен байыту керек. Заттардың бөліктерін атау, қасиеттерін, сапасын, пішіні, қандай материалдан жасалғаны жөнінде білдіретін сөздермен толықтыруды көрсету, іс тәжірибесіне ендіру, қарама-қарсы сөздер, заттарды топтастыру, ұлттық бұйымдармен сөздік қорын байытуды жоспарлау

Тәрбиеші: С.Абубакирова тәрбиеші шығармашылық жұмысының тақырыбы:

«Баланың психо-физиологиялық денсаулығын қорғау және нығайту, өмірге қажетті әрекеттер мен дағдыларды қалыптастыру.

Мақсаты: Балалардың денсаулығын қорғау және нығайту, қимыл қозғалыс дағдыларын қалыптастыру, ептілікке баулу белсенділігін арттыру. Денсаулық білім саласында дене шынықтырудың жұмыс түрлері, сабақты ұйымдастыру мен өткізу жолдары, өз бетімен жасайтын қимыл-әрекеттері, денсаулық күндері, таңертеңгі гимнастика, қимылды ойындар шынықтыру шаралары, негізгі қимылдарға тоқталып түсініктемелер жасаған.

Тәрбиеші: З.Тұяқбаева

Тақырыбы: «Балалардың сенсорлық тәжірибесін байыту және қалыптастыру»

Тақырыпқа сәйкес баяндама жасаған. Баяндамада балалардың сенсорлық тәжірибесін байыту мен қалыптастыру және қазіргі уақытта алатын маңызды кезеңдері жөнінде айтылған. Балалардың тек сезім мүшелерін ғана емес, дене бітімінің қалыптасуына, психикасына қосатын үлесі туралы айтылған. Әр жас ерекшелігіне де байланысты екені, 4 жастан жоғары қарай күрделеніп, балалар түсті ажыратып қана қоймай, атап, геометриялық пішіндерді бір-бірінен ажыратып, үлкен-кішілігін білу керек, сонымен бірге түстерді топтауға, пішіндерді жинақтауға, атауларын атап, үлкен-кішісін сұрыптауға үйретіп, сенсорлық тәрбиені мүсіндеу мен сурет салуда үйрету керек. Тәрбиеші де сенсорлық тәрбие жүргізу мақсатында дидактикалық ойындар мен жаттығуларды шебер қолдана білуі керек деп өз іс-тәжірибесінен мысалдар келтіріп, суреттерімен сабақтарын салған.

Ұсыныс: Жоспардың түзілу структурасы және негізгі бөлім атауларын өзгерту, атуларға қандай жолдар арқылы, сенсорлық тәрбие беріледі. Мысалы: түсін атау және ажырату, геометриялық пішіндерді атау және ажырату, заттардың үлкен-кішілігі, өнімді іс-әрекеттер арқылы жетілдіруді қою.

Тәрбиеші: М.Махатова

Тақырыбы: «Құстар – біздің досымыз» баяндамада әлеумет саласының экология сабағында балаларды табиғат құбылыстары, жан-жануарлар, құстар, өсімдіктермен таныстыра отырып қоршаған ортада, айналада болып жатқан жағымды-жағымсыз құбылыстарды сезіне, түсіне, әсерлене білуге үйретіп дүниетанымын дамыту ұлттық психологиясын қалыптастыру айтылған. Құстармен таныстыру жолдары аталған, сабақтары тіркелген.

Ұсыныс: Құстармен таныстыруды ойындар, қойылымдар, өнімді іс-әрекеттермен жұмыс, ата-аналармен жұмыс, құстар күні мерекесін атау, табиғат бұрышында құстар ұстап күтіп-баптау, бейнетаспа, ұнтаспалар пайдалану. Сонымен бірге басқа да педагогтар шығармашылық жұмыстарына есеп беріп, талқыланды. Кеңестер мен ұсыныстар берілді. Барлық жұмыстар әле де толықтырулар мен іздену, еңбектенуді қажет ететінін айтылды.

Тыңдалды: Жазғы сауықтыру жұмысын бекіту

Сөйледі: А.Удербоева балалармен жазғы оқу тәрбие жұмысын ұйымдастыруда жазғы маусымға арналған күн тәртібі мен кестеге ауысып, негізгі міндеттерімізді жауапкершілікпен атқаруға шақырамыз. Балалардың денсаулығын сақтау мен нығайту жұмыстарын қолға алайық, тиімді, қауіпсіз ыңғайлы болуына көңіл бөліп, әрқашан есте сақтайық.

- Ауа және күн ванналар қабылдау.
- Жалаң аяқ құм үстінде жүру
- Қимылды ойындар
- Мерекелер
- Туылған күндер
- Ертегілер қойылымы
- Еңбекке баулу
- Спорттық жарыстар ұйымдастыру жоспарлануда. Жазғы маусымға арналған іс-шаралар әр алуан, қызықты ұйымдасқан түрде өтуін қадағалаймын және

жоспарларын бекітіп, өткен соң әдістемелік кабинетке суреттерімен жинақтауды әдіскер О.Бейсенбаеваға тапсырамын.

Тыңдалды: Қорытынды мониторинг

Сөйледі: **М.Шекербекова** педагогтарды шеберліктері мен іскерліктерінің бағалау деңгейінің мониторингі жөнінде талқылап өтті. ҚР МЖМС-ның бес білім беру саласының базалық мазмұны балалардың танымдық қабілеттерін, жеке басының бейімділігін қызығушылықтары мен қажеттіліктерін дамытудың негізі болып табылады. Осы қажеттіліктерді балаларға дамытуда педагогтарымыздың балаларды зерттеуі, өзін-өзі басқаруы, топтарды безендіруі, ата-анамен жұмыс жүргізуі шығармашылық қабілетін дамытуы күннің II жартысын ұйымдастыруы еңбекке баулып, серуенде бақылау ұйымдастыруы қандай деңгейде өткізілгені жөнінде баллмен бағаланды, балаларымыздың да негізгі қалыптасуындағы жетістіктері бағаланып, жылдық есеп тапсырылды.

Ортаңғы топ: Ж.Қасымбекова 3,0

Ортаңғы топ: М.Махатова 3,0

II кіші топ: Г.Шымырбаева 3,2

II кіші топ: Қ.Сүгірбаева 3,0

Ортаңғы топ – 3

Ортаңғы топ – 3

II кіші топ – 3

II кіші топ – 2

Келешекте өз білімдеріңізді жетілдіріп, дамытушы орталар мазмұнын жаңартып, түрлендіру, өзгерту қажет.

Шешім:

1. Өткен кеңес шешімдерінің орындалуы қадағалансын
2. Тәрбиешілер шығармашылық жұмыстарын толықтырып, ізденсін.
3. Жазғы маусымға арналған іс-шаралар жауапкершілікпен өткізілсін.
4. Педагогтар білімін жетілдіруде ізденіп, дамытушы орталар мазмұны толықтырылып, өзгертілсін.

Төрайымы:



Р.Раимкулова

Хатшы:



М.Махатова

Педагогикалық кеңестің №1 хаттамасы

Қатысқандар: 12

31.08.2021ж

Күн тәртібінде:
1-кеңес

1. а)Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы №1080 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 13 мамырдағы №292 қаулысымен,мектепке дейінгі

тәрбие мен оқытудың жалпыға міндетті стандарт талаптары және ережелерімен

таныстыру.

ә)"Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығына өзгерістер енгізіліп,

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 маусымдағы № 391 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылы 28 шілдеде № 14009 болып тіркелді.Ондағы 1-ші қосымша **1 жастан 5 (6) жасқа дейінгі балаларды мектепке дейінгі тәрбие**

мен оқытудың үлгілік оқу жоспарымен таныстыру.

б)Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасымен таныстыру

2 . Балабақшаның жылдық жоспары мен ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің

кестесін бекіту.

3. «Мектепке дейінгі ұйымдарда инклюзивті білім берудің проблемалары мен жолдары».Баяндама.

4 «Өзін-өзі дамытуды басқару құзыреттілігі».Пікір алмасу.

5Әлеумет саласына қажетті әдебиеттер көрмесі.

6Тәрбиешілердің шығармашылық тақырыптарын бекіту.

Тыңдалды:

Сөйледі: Бірінші мәселе бойынша балабақша директоры Р.Раимкулова сөз алды:

Тағы да бір оқу жылына аяқ басқалы отырмыз. Жаңа оқу жылында жаңа міндеттер қабылдап, алдымызға жаңа мақсат қоямыз. Бір жылға жоспар түзіп, сабақ кестесін бекітеміз. 1-кеңес

1. а) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы №1080 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 13 мамырдағы №292 қаулысымен, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпыға міндетті стандарт талаптары және ережелерімен таныстыру.

ә) "Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығына өзгерістер енгізіліп,

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 маусымдағы № 391 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылы 28 шілдеде № 14009 болып тіркелді. Ондағы 1-ші қосымша **1 жастан 5 (6) жасқа дейінгі балаларды мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарымен таныстыру.**

б) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасымен таныстыру.

2. Балабақшаның жылдық жоспары мен ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің кестесін бекіту.

3. «Мектепке дейінгі ұйымдарда инклюзивті білім берудің проблемалары мен жолдары». Баяндама.

4. «Өзін-өзі дамытуды басқару құзыреттілігі». Пікір алмасу.

5. Әлеумет саласына қажетті әдебиеттер көрмесі.

6. Тәрбиешілердің шығармашылық тақырыптарын бекіту.

Тыңдалды:

Сөйледі: Бірінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі Р.Раимкулова сөз алды:

Тағы да бір оқу жылына аяқ баскалы отырмыз. Жаңа оқу жылында жаңа міндеттер қабылдап, алдымызға жаңа мақсат қоямыз. Бір жылға жоспар түзіп, сабақ кестесін бекітеміз. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына жаңа толықтырулар мен өзгерістер енді. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұны - әртүрлі іс-әрекеттерді ұйымдастыру кіріктіру жолдарымен іске асырылады. Білім беру салалары: «Денсаулық», «Коммуникация», «Таным», «Шығармашылық», «Әлеуметтік орта» бес білім саласына негізделген. Ұйымдастырылған оқу қызметтері де, жүктеме саны, ұзақтығы бәрі өзгерген.

«Денсаулық» саласындағы дене шынықтыруға барлық топта 3 сағат берілген, ересектер тобында ғана дене шынықтыруға 2,5 және қауіпсіз мінез-құлық негіздеріне 0,5 берілген.

«Коммуникация» білім беру саласында ерте жас тобында (1-2 жас) - 1 сағат, Сөйлеуді дамыту 0,5, Көркем әдебиет - 0,5

I-Кіші топ (2-3 жас) - 1 сағат Сөйлеуді дамыту 0,5, Көркем әдебиет - 0,5.

II-Кіші топ (2-3 жас) 2-сағат Сөйлеуді дамыту 1, Көркем әдебиет - 0,5, Орыс тілі - 0,5.

Ортаңғы топ (4-5) жас 2,5 сағат, Сөйлеуді дамыту - 1, Көркем әдебиет - 0,5, Драма - 0,5, Орыс тілі - 0,5.

«Таным» саласында ерте жас тобында (1-2 жас) - 1 сағат, Сенсорика - 0,5, Жаратылыстану - 0,5.

I-Кіші топ (2-3 жас) - 2 сағат Сенсорика - 0,5, Құрастыру - 0,5, Жаратылыстану - 1

II-Кіші топ (3-4 жас) - 2,5 сағат Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру - 1, Құрастыру - 0,5, Жаратылыстану - 1

Ортаңғы топ (4-5 жас) - 2,5 сағат Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру - 1, Құрастыру - 0,5, Жаратылыстану - 1

ерте жас тобында (1-2 жас) - 2 сағат, Сурет салу - 0,5, мүсіндеу - 0,5, Музыка - 1 сағат.

I-Кіші топ (2-3 жас) - 3 сағат Сурет салу - 1, мүсіндеу - 0,25, Апликация - 0,25, Музыка - 1,5 сағат.

- II-Кіші топ (3-4 жас) - 3 сағат - Сурет салу - 1, мүсіндеу - 0,25, Апликация - 0,25, Музыка - 1,5 сағат.

Ортаңғы топ (4-5 жас) - 3,5 сағат, Сурет салу - 1, мүсіндеу - 0,5, Апликация - 0,5, Музыка - 1,5 сағат.

II-Кіші топта - 0,5 сағат, Қоршаған ортамен таныстыру - 0,25, Экология негіздері - 0,25 сағат.

Ортаңғы топ (4-5 жас) - 0,5 сағат, Қоршаған ортамен таныстыру - 0,25, Экология негіздері - 0,25 сағат.

Ұйымдастырылған оқу қызметінің ұзақтығы:

ерте жас тобында (1-2 жас) - 7-15 минут.

I-Кіші топ (2-3 жас) -) - 7-15 минут

II-Кіші топ (3-4жас)) -7-15 минут .

Ортаңғы топ (4-5жас) -) 15-20 минут

Ұйымдастырылған оқу қызметінің жалпы көлемі
ерте жас тобында(1-2 жас) -7сағат.

I-Кіші топ (2-3жас) -9 сағат

II-Кіші топ (3-4жас) -11сағат .

Ортаңғы топ (4-5жас) - 12 сағат

Бұрын «Алғашқы қадам», «Зерек бала», «Біз мектепке барамыз»бағдарламасымен оқу тәрбие жұмысын жүргізіп келдік.Енді жаңа типтік бағдарламамен оқу тәрбие жұмысын жүргіземіз. . Ұйымдастырылған оқу қызметін кіріктірілген түрде ұйымдастырамыз. Бағдарлама мақсаты мен міндеттері ҚР «Білім туралы»заңына,ҚР білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2021 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес әзірленген.Отандық және шетелдік ғылым мен тәжірибелерді ескере отырып бірыңғай үлгілік оқу жоспарын әзірлеу қажеттілігінен пайда болды.Және оны бірыңғайлауда апталық тақырыптар белгіленді. Ұйымдастырылған оқу қызметінің кестесі де кіріктіруге ыңғайланып жасалды,тек дене шынықтыру мен музыка ғана кіріктірілмей жеке өтеді.Жылдық,апталық жоспарлар өзгермейді.

Осы өзгерістерді алдағы уақытта жоспар бойынша ,жүйелі жүргізулеріңізді тапсырамын деді.Жалпы балабақша жылдық мақсаты «Таным» және «Денсаулық» саласы етіп алынды.Балалардың денсаулығын нығайта отырып ,жан-жақты танымын арттыруда ,дамытушы орталарды толықтырып ,көрнекіліктер саны бала санына жеткілікті,талапқа сай болуына көңіл бөлінсін. Балаларды ынталандыратын,ықыласын арттыратын әдіс-тәсілдер,ойындар,зерттеу жұмыстары,серуендер мен іс-шаралар тартымды жоспарлансын.Тәрбиешілер талапқа сай материалдар жинақтап, сабаққа, ойынға алдын ала дайындықпен келсін,жауапкершілікпен қарауды тапсырамын деді.

Тыңдалды:

Сөйледі: Екінші мәселе бойынша балабақша әдіскері М.Шекербекова «Мектепке дейінгі ұйымдарда инклюзивті білім берудің проблемалары мен жолдары» тақырыбында баяндама оқыды.Баяндамада -инклюзивті білім беретін балабақшалардағы мәселелер мен жүргізілетін жұмыстар жөнінде әңгіме өрбітті. Мүмкіндігі шектеулі балаларды дені сау балалармен қосып оқу-тәрбие жұмысын ұйымдастырғанда,ол балалар жұмыстан шеттетілмеуге тиісті,оларға көмек көрсете отырып ,қарым-қатынас орнату, өздерін еркін ұстап ,достар табуы керек,және олардың бойындағы кемшіліктер қатты ауытқулар болмауы тиіс.Қатты ауытқулар болған жағдайда инклюзивті білім беру арнайы мекемелерде білім тәрбие алуы қажет.Сонымен бірге ауытқудың екі түрі бір балада кездескен жағдайда балабақшаға қабылданбайды,бір түрі болған жағдайда ғана қабылданады.Мүмкіндігі шектеулі балалармен дене

шынықтыру және ән сабағында басқа балалармен бірге өткізіледі. Қалған уақытта жеке жұмыс немесе сол балапармен арнайы жұмыс ұйымдастырылатыны жөнінде айтып өтті. (Баяндама қоса тіркелді)

Тыңдалды:

Сөйледі: «Өзін-өзі дамытуды басқару құзыреттілігі» тақырыбы жөнінде балабақша меңгерушісі Р.Раимкулова сөз алды: Жалпы педагогтар қауымы заман талабы мен ағымына байланысты ізденіп, даму үстінде болуы керек. Кез келген маман иесі дамуы, ізденуі қажет.

Ал, К.Маркс болса: «өзін-өзі тану, өз бетінше даму - даналықтың белгісі» деп көрсеткен.

Бүгінгі пікір алмасу тақырыбы да осы «Өзін-өзі дамытуды басқару құзыреттілігі». Ұжымда педагогтар бірін-бірі тәрбиелейді, тәжірибе алмасады, тәлімгер тәрбиешілер жас мамандарға көмек көрсетеді. Бірақ жеке тұлға ретінде өзі ізденіп, өзі даму әрекеттері қандай? Өз пікірлеріңізді білдіріңіздер.

Сөйлегендер: Әдіскер М.Шекербекова сөз алды: Мен адамзаттың ең жоғары ақылмандық деңгейі - кез келген жағдайда бейімделуі деп ойлаймын. Қажет болған жағдайда өзіндегі білім мен тәжірибе, ақыл мен икем, тәрбие болса, қабілет болса жұмысың алға басады. Жағдайға қарап бейімделу де сол, тірліктің көзін тауып меңгеру, іздену, әрекет ету. Қандай жағдайда ыңғайлы, тиімді, адам өміріне зиянсыз, сапалы болады деп нәтижесіне жетуге ұмтылу.

Тәрбиеші М.Махатова: Тәрбиеші баланың ақылшысы, қорғаушысы, досы бола отырып, жауапкершілікті өз мойнына алады. Балаға жан-жақты тәрбие беру үшін өзінің де жан-жақты болуы тиіс. Балалар үшін бәрі жаңа, бәрі қызық. Оларға жас ерекшелігіне сай тура жауап, түсінікті ұғым беруіміз қажет. Алған жауабына бала қанағаттануы қажет. Біздің топтың балаларының сұрақтары да үнемі бізді қоршаған ортамен байланысты, табиғат, ақпарат құралдары жөнінде болады. Ал адам өзін-өзі әрине дамыту қажет деп білемін.

Балабақша психологы М.Шекербекова: Әр адам өзін-өзі дамытуда, алдына бір мақсаттар қою керек деп ойлаймын. Мақсатқа жетудегі қиыншылықтар мен кедергілерден өту-даму деп ойлаймын.

-Өзін-өзі бағалауы қажет

-ұйымдастырушылық қажет

-өз белсенділігін зерделеу қажет

-қарым-қатынас орнатқан жағдайда, жетістікке жетеді деп ойлаймын.

Тәрбиеші Ж.Қасымбекова: Педагог – өзін-өзі тану, даму үшін - өзінің ойын, жан тазалығын, тән тазалығын жүргізіп ойлану қажет. Яғни тән тазалығы - денсаулық, ой тазалығы - ақыл, жан тазалығы - пәктік, адалдық. Осы қасиеттер даму үстінде болса, демек, ол адам да даму үстінде. Ал, қабілетті, дарынды бала тәрбиелеу міндетіміз.

Тыңдалды: Келесі «Әлеумет саласына арналған әдебиеттер көрмесі» жөнінде б/б меңгерушісі Р.Раимкулова сөз алды. Ол өз сөзінде: Мектепке дейінгі білім берудің мемлекеттік стандартының «Әлеумет» білім беру

саласының мақсаты : «Әлеуметтегі жағымды мінез-құлық пен қатынасқа қабілетті әлеуметтік-бейімделген шығармашыл тұлғаны тәрбиелеу,Отанға деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу,үлкендерді құрметтеу»

Осы білім беру саласының міндеттері балабақшамызда орындалуы , нәтижесі,жолдары қалай ұйымдастырылуда?Жалпы көрме ұйымдастырудағы мақсатымыз да сол,кездесетін проблемалар ,қажетті әдебиеттер мен көрнекіліктер сапасы мен санын анықтау еді.

Жалпы әлеумет саласында : - отбасында

- ұжымда

- қоғамда

Кездесетін балалардың өзін тану тәжірибесі жөнінде не айтасыздар?- деді .

Сөйлегендер : II-кіші топ тәрбиешісі Қ.Сүгірбаева сөз алды :

Сәбилерге әлеуметтік тәрбие беруде бүлдіршіндермен отбасы жөнінде әңгімелескенде : - өзі және отбасы жөнінде айта білуі,

-отбасы мүшелерінің немен шұғылданатыны,

- көршілердің атын айта білуі,

- үлкендерді сыйлау

- өз үйінің тұрғын жері туралы білуі

- алғыс айта білу

туралы әңгімелер ,суретпен ,альбоммен әңгімелер,санамақтар, бейнетаспалар көру арқылы нәтижеге жетуге әрекеттенеміз.

Тәрбиеші: З.Тұяқбаева Мектепке дейінгі балалардың әлеуметтік дамуында ұжымда этикалық қарапайым ережелерді меңгеруде (сәлемдесу,алғыс білдіру,кешірім сұрау,дастархан басында өзін дұрыс ұстау,т.б) сияқты ережелерге мән береміз.Біздің топтың балалары ересектер болғасын меңгерген,ал балаларды (қоғамда) әңгімелесу,суреттер арқылы ,әңгіме,ертегі, аңыз әңгімелер оқып беру,қоршаған ортамен таныстыруда бейнетаспалар,альбомдар көру,серуенге шығу арқылы

- Мемлекеттік ту мен әнұранды білу

- Ұлттық мереке ,салт-дәстүрімізді білу

- Адамдардың жасына ,ұлтына,әлеуметтік жағдайына қарамай сыйлауға тәрбиелеу.

- Басқа ұлт өкілдерін ,мәдениетін таныстыру мақсаттарына жетуге ұмтыламыз.

Балабақша әдіскері М.Шекербекова сөз алып :

Қазақ халқының ұлы ағартушысының бірі М.Жұмабаевтың еңбектерінде жазылған: «Әр тәрбиешінің қолданатын жолы - ұлт тәрбиесі»Әрбір ұлттың бала тәрбиесі туралы ескіден келе жатқан жеке-жеке жолы бар.Ұлт тәрбиесі баяғыдан бері сыналып ,көп буын қолданып келе жатқан тайғақ жол болғандықтан ,әрбір тәрбиеші сөз жоқ ,ұлт тәрбиесімен таныс болуға тиісті.Және әрбір ұлттың баласы өз ұлты үшін қызмет қылатын болғандықтан,тәрбиеші баланы сол ұлт тәрбиесімен тәрбиелеуге міндетті.»-деп көрсеткен деді.

Демек, балабақшада балалардың бірлескен бірлескен ұжымында, отбасында, қоғамда әлеуметтік тәрбие беруде сыны ескеруді ұсынамын. Ал, көрмеге тоқталатын жалпы барлық топта ұлттық тәрбие беретін ұлттық бұрыштар, Республикамыздың елтаңбасының, туының суреттері бар, рәміздерді балалар біледі, ұлттық ойындар ойналып, ұлттық мерекелер аталып өтіледі. Халқымыздың мақал-мәтелдер жинағы, жаңылтпаштар, әңгімелер, аңыз әңгімелер мен ертегілер жинағы бар, хрестоматиялар, бүкіл жер шарының картасы - глобус бар, маман иелерінің суреттері, үлкендердің қызметтері бейнеленген суретер бар. Әлеумет саласының көрнекілік құралдарын үнемі жаңалап, толықтырып отырайық.

Балаларымыздың өмірге ойдағыдай бейімделуі мен әлеуетте өз орнын таба білуіне негіз болатын тәрбие мен жол көрсете білейік деді. Тыңдалды : Келесі мәселе Тәрбиешілердің шығармашылық тақырыптарын бекіту жөнінде балабақша меңгерушісі Р.Раимкулова сөз алды. Ол өз сөзінде :

Өткен кеңесте шығармашылық жұмысарыңызға есеп беру кезінде де «Елбасымыздың сапалы білім беруге қол жеткізуіміз керек деген тапсырмасын сөзге тиек еткен едім. Іздену, даму, еңбектену жұмыстарын бірде-бір педагог тоқтатпасын, ізденіп жұмыс жасайық, жаңа технологияны меңгеруге ұмтылып, қызықты етіп, педагогикалық үдерісте балалар жалықпайтын, ықыласын арттыратын әдіс-тәсілдерді меңгеруге, жүргізуге бет бұрайық деген едім.

Жаңа оқу жылында таңдаған шығармашылық тақырыптарыңызға ерінбей материалдар іздеп, жинақтап, жаңа тұрғыда байланыстар тауып, ендіруді тапсырымын. Бекітілген тақырыптармен жүргізуде табыс тілеймін.

Шешімі :

1. Жылдық жоспарда көрсетілген міндеттер бойынша, бекітілген күн тәртібі, сабақ кестесі бойынша оқу-тәрбие жұмысы жүргізілсін.
2. Инклюзивті білім беруді қажет ететін топтар, баяндамада аталған проблема мен жолдарына мән беріп, балалар оқу тәрбие ісінен шеттетілмесін, жалғасын тапсын.
3. Әрбір педагог өз белсенділігін зерттеп, зерделеп, жетістіктерге жетуге дамуға әрекеттенсін.
4. Тәрбиешілер шығармашылық тақырыптарына сай, ізденіп, материалдар жинақтауды жалғастырсын.

Төрайымы:



Р.Раимкулова

Хатшы:



М.Махатова

Педагогикалық кеңестің №2 хаттамасы

Мерзімі:

24.10.2021 ж

Қатысқандар: 15

Күн тәртібі:

1. Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы жөнінде
2. Ата-аналармен жүргізілетін жұмыс түрлері мен жоспар құрылымы. (баяндама тәрбиеші М.Махатова)
3. Ата-аналармен жұмыс түрлері. Ата-аналар рингі (сұрақ-жауап)
4. Ашық сабақтарды талқылау.

Тыңдалды: Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы жөнінде

Сөйледі: Р.Раимкулова – балабақша меңгерушісі «Педагогикалық кеңесетер» мақсаты педагогикалық үдеріс сапасын жақсарту, қарастыру болып табылады. Педагогикалық үдеріс сапасын көтеру жұмысымыз да тиянақты, жан-жақты қамтылған болу керек. Балабақшада бекітілген күн тәртібі, сабақ кестесі бойынша күнделікті жұмыс жүруде. Балаларға балабақшада ең бірінші қауіпсіз, санитарлық-гигиеналық жағдай жасалып, аптаслық жүктеме саны, ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің ұзақтығы сақталып, балаларға физикалық, психологиялық ауырлық түспеу сәйкестігі сақталу керек. Балалар ойнап жүріп өзіне қажетті түсінік, ұғым, білім мен дағдылар алуы керек. Барлығын ойын түрінде, жеңіл қабылдайтындай етіп өтудеміз.

Өткен кеңесте педагогтармен өзін-өзі дамыту жөнінде әңгіме қозғадық. Әр тәрбиеші өзін-өзі зерттеп, зерделеп ойлансын дегенбіз. Сол жөнінде өз ойларыңызды ортаға салыңыздар.

Сөйледі: Ж.Қасымбекова– ортаңғы топ тәрбиешісі мен өзімді жас маман, тәрбиеші ретінде, балабақшадағы тәжірибелі тәрбиешілерден өзіме алатыным көп. Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінде қолданылатын әдіс-тәсілдер, құралдарды пайдалану, сөз мәнері бәрі мен үшін үлгі, даму.

Сөйледі: Қ.Сугирбаева – тәрбиеші жалпы әрбір адам өз мамандығын меңгерген, белсенді, білікті маман иесі болудың өзі даму. Мысалы балабақшада өткен әрбір педагогикалық кеңесте семинар сабақ, ашық ұйымдастырылған оқу іс-әрекетіне қатысу, пікірталасу, тренингке қатысу біз үшін көп нәрсе береді. Оған ән айту, өлең оқуды ұнатамын, жаныма жақын болған соң оны шетте қалдырғым келмейді. Атқаруға тиісті міндеттерден басқа өнер де адамға артықтық етпейді деп ойлаймын.

Сөйледі: М.Махатова– ортаңғы тобының тәрбиешісі мен жалпы балаларды өте жақсы көремін. Олардың қуанған, шаттыққа бөленген көз жанары мен қылықтарын, сөздерін ұнатамын. Мен оларды қуыршақтармен қуантамын – мен үшін де ол үлкен қуаныш. Қуыршақтардың әр қайсысын бір-біріне ұқсамайтын, қызықты, әдемі, сапалы етіп тігуді өзіме бір мақсат етіп қойдым.

Сөйледі: Р.Раимкулова - балабақша меңгерушісі мамандықтарыңызбен қоса қосымша бір өз сүйікті ісіңізбен айналысу әрине өз істеріңіз. Ал дамыту сөзі – бір басқа. Әсіресе жас буынға заманның ағымына, талабына, бәсекеге сай ұрпақ тәрбиелеу үшін, біз де заман талабына сай, жаңа технологияны меңгеріп, көп тілді меңгеріп, сай болуға ұмтылайық, ізденейік, компьютер заманы болды. Компьютерді меңгерейік деді.

Тыңдалды: Ата-аналармен жұмыс түрлері. Ата-аналар рингі (сұрақ-жауап)

Сөйледі: Қ.Сүгірбаева «Ата-аналармен жүргізілетін жұмыс түрлері» тақырыбында баяндама оқыды. Баяндамада ата-аналармен жүргізілетін жұмыс түрлері, ұйымдастырылуы, әдіс-тәсілдері, мақсаты мен маңызы, қатысуға міндетті мамандар жөнінде тәрбиешінің көпшілік алдында сөз сөйлеу ережесі, жиналысты дұрыс өткізуі жөнінде, балалардың қатысуы қай жерде қажет, қажет емес, ата-аналар топқа қай кезде ене алады? Дәрістер мен баяндамалар мақсаты не? Ата-аналар жиналысының үлгісін, ойындар ұсынылып, түсіндіріп өтті. (Баяндама қоса тіркелді)

Сөйледі: Б.Сазахан – сазгер баяндамада ата-аналармен жұмыс түрлері түгел қамтылған, маған ұнады. Менің тоқталған жұмыс түрі жеке тақырыптық кеңестерге тоқталып өтсем. Осы жеке тақырыптық кеңес мен үшін маңызы зор. Себебі балалардың шығармашылық қабілетін байқап, жетілдіруде, жеке жұмыс жасауда кеңестер берілсін. Кеңесе отырып, нәтижелер оң болып шығуына, ата-аналарға үгіт-насихат беріп, балалармен жұмыс жүргіземін деді.

Сөйледі: М.Шекербекова – әдіскер баяндамада жұмыс түрлері көрсетілген. Тәрбиеші тоқталғанда кейбір түрлерін сенімсіздеу жеткізді. Өйткені практика жүзінде өзі өткізіп көрмегені көрініп тұр. Өз ісіңе сенімді болмаған кезде, ойың осылай шашыраңқы, түсініксіз болады. Сенімділік болу үшін, жұмысың тиянақты, дайындалған, ізденген, өткізген кезде – батыл сөйлейсің. Осы түрлерін өткізіп, ізденуді ұсынамын деді.

Тыңдалды: Ата-аналармен жұмыс түрлері. Ата-аналар рингі (сұрақ-жауап)

Сөйледі: Қазіргі тәрбиеші З.Тұяқбаева баяндама тақырыбын педагогикалық кеңеске күн тәртібіне қойып, оны пысықтау мақсатында осы тақырыпта сұрақ-жауап алуды жөн көрдік. Аталған жұмыс түрлері қалай ұйымдастырылады, тәрбие түрі қалай ұйымдастырылады, тәрбиешінің мақсаты, басқа да мамандар міндеті, ата-аналармен бала тәрбиесі жөнінде проблемаларды шешуде ынтымақтастық пен тығыз байланыста болу жолдарын қарастыру. Тәрбиеші қалаған соң емес, баласының тәрбиесі маңызды екенін түсініп жиналыста болу, атсалысуға үйрету.

Тәрбиешілерден алынған сұрақтар мазмұны:

- Ата-аналар рингін қалай ұйымдастырады?
- Ата-аналармен жүргізілетін тренингтердің мақсаты не?
- Ата-аналармен дәстүрлі емес жұмыс түрлерін ата?
- Ата-аналар жиналысын дұрыс өткізу жолдарын ата?

- Ата-аналарға арналған кештердің мақсаты не?
- Жеке тақырыптық кеңестердің мақсаты не?
- Ата-аналар алдында сөйлеуге үйрену ережесі
- Ата-аналар жиналысына қатысуға міндетті мамандар
- Ата-аналармен экспресс пікір терім қалай өтеді?
- Ата-аналарға арналған дәрістер мәні мен маңызы?
- Ашық есіктер күнінің маңызы, мақсаты
- Ата-аналар конференциясы
- Отбасы мүшелерінің топқа енуі қай кезде іске асырылады?

Тыңдалды: Ортаңғы топ. «Қызықты математика» Математика.

М.Махатова

Ашық сабақты талқылауы

Сөйледі: С.Абубакирова – тәрбиеші сабаққа ұқыптылықпен дайындалған. Балаларды қызықтырып, ықыласын аударуға арналған ірі, әдемі ойыншықтар пайдаланды. Мақсатына жетті деп ойлаймын.

Сөйледі: Г.Шымырбаева – тәрбиеші балалар карточкамен жұмыс істеуді меңгерген, солдан оңға қарай орналастыруды тәрбиеші ескертіп отырды. Балалар заттарды оң қолымен алып, орналастырды. Көрнекіліктер де өте әдемі болды. Тәрбиеші мен балалар арасында ынтымақтастық бар. Бес саламен байланыстыра білді.

Шешім:

1. Ата-аналармен жұмыс түрлері қамтылып, жоспарға енгізілсін.
2. Ата-аналармен педагогикалық ынтымақтастық орнатуда, дайындық жұмыстары жауапкершілікпен, қызықты ұйымдастырылсын.
3. Тәрбиеші Г.Кемелованың сабағындағы әдіс-тәсілдері ұйымдастырылған оқу іс-әрекетіне ендірілсін.

Төрайымы:

Хатшы:

З.Ч
М.Ч

Р.Раимкулова

М.Махатова

Педагогикалық кеңестің №3 хаттамасы

Мерзімі:

20.12.2021 ж

Қатысқандар: 12

Күн тәртібі:

1. Өткен кеңестің шешімінің орындалуы жөнінде
2. Мектеп жасына дейінгі балаларға «Ақпараттық мәдениет туралы қарапайым түсінік білім беру» (Баяндама) Тәрбиеші С.Абубакирова
3. Балаларды ақпараттық мәдениеттің элементтеріне тәрбиелеу. Викториналық сұрақтар.
4. Зерттеу, іздестіру әрекеттеріне арналған ойындар жинағы. Көрме.
5. Ашық сабақтарды талқылау.

Тыңдалды: Өткен кеңестің шешімінің орындалуы жөнінде

Сөйледі: А.Удербоева – балабақша әдіскері ата-аналармен ұйымдастырылған жұмыстарға келсек, жалпы және топ жиналыстары оқу жылының басынан бері 2 рет өткізілді. Салауатты, саналы тәрбие беруде – біріге отырып, балаларға жағдай туғызу, балалардың жан-жақты дамуында туындаған мәселелерді біріге отырып шешу жолдарын қарастыруда, шешім қабылдауда мамандарға жүгінуге, өз ойларын, ниеттерін білдіруде ортаға салып пікірлестік деді. Алдағы уақытта да ашық есік күнін өткізу, сауалнамалар мен тренингтер өткізу, дөңгелек үстел, туылған күнде, спорттық мерекелер ұйымдастыру жоспарлануда деп айтып өтті.

Тыңдалды: Мектеп жасына дейінгі балаларға «Ақпараттық мәдениет туралы қарапайым түсінік білім беру» (Баяндама) Тәрбиеші Қ.Сүгірбаева

Сөйледі: тақырыбында баяндама оқыды. Баяндамада қоғамдағы ақпараттандыру процесі өте тез қарқынды даму үстінде екендігін, мектеп жасына дейінгі балаларды ақпараттық мәдениеттің элементтеріне тәрбиелеуге тоқталып өтті. Балалардың қаншалықты ақпаратты алуға және қолдануға тырысуы, тірі затты бағалай білуі, үлкендермен және құрбы-құрдастармен ашық-жарқын қарым-қатынаста болуы педагог пен ата-аналардың шеберлігіне байланысты. Себебі өсіп келе жатқан ұрпақтың өмірге деген санасының қалыптасуы, көбінесе алған ақпараттарына байланысты. Бала жаңа ақпаратты тәрбиешіден, ата-анадан, басқа да үлкендерден тек сөзбен алып қоймайды. Үлкендердің іс-әрекеті, танымдық ойын материалдардан, бақылау, әңгімелесу, диалог тәсілдері арқылы алған білімдерін тәжірибелерін айтуға болады. (Баяндама қоса тіркелді)

Тыңдалды: Екінші мәселе бойынша педагогтар 2 топқа бөлініп, викториналық сұрақтар арқылы сайысқа түсті. Сайыста викториналық сұрақтар балаларды ақпараттық мәдениеттің элементтеріне тәрбиелеу әдіс-тәсілдері жөнінде болды.

Викториналық сұрақтар:

- Сөзімдік тәжірибе кезінде ақпарат алу

- Бім, ішара, қимыл, сөз, дыбыстың көмегімен ақпарат алу, беру.
- Ақпаратты кодтау, символдық белгі тәсілдерін қолдану,
- Ежелгі және қазіргі кездегі ақпараттарды сақтау.
- Адамдар арасында мәліметтермен алмасу, жануарлар мен өсімдік әлеміндегі тірі және өлі табиғат арасындағы сигналдармен алмасу арқылы енетін ақпараттар.
- Ақпаратты алуда, сақтауда, өндеуде адамның қазіргі замандағы техникалық көмекшілері.
- Бақылау, талқылау, сұрақтар қоя білу іскаерліктерінің көмегі арқылы ақпарат алу.
- «неге?», «қалай?»
- Заттардың және құбылыстардың қажетті қасиеттерін көре білу.
- Қоршаған әлемді бақылау және оймен қарай білу.
- Ақпараттар жинай білу
- Ақпараттың ең маңызды аспектісін бағдарлай білу

Сөйледі: А.Удербоева – тәрбиеші

«Балаларды жаңа нәрсемен, затпен хабармен хабардар ету үшін бірінші баланың назарын аударып, топ бойынша, немесе жеке түрде көрсетіп түсіндіремін. Мысалы символдық түрде, таңба түрінде ақпарат беруде өз шкафтарындағы әр түрлі суреттер бар, белгілеп тану, ажырату үшін математикадан жұмыс жасау, карточкасындағы жолақшаларға сүйене отырып, оң, сол, жоғары, төмен жақтарын ажыратуды таниды.

Сөйледі: Қ.Сүгірбаева педагог-психолог ым, ішара, эмоция арқылы балалар өзіне адамның көңіл күйі жөнінде ақпарат алады. Балалармен жұмыс істеуде смайликтердің көп көмегі тиеді. Балаларға көңіл күйді айтып, сол смайликке етіп таңдауды тапсырамыз. Таңдану, күлу, ренжу сияқты түрлерін қиналмай-ақ табады.

Бірінші топ – 8 ұпай, екінші топ 4-ұпай жинады, қызықты, тартысты өтті.

Балабақша меңгерушісі Р.Раимкулова осы элементтерді педагогикалық процес кезінде пайдаланып, ендіруді тапсырды. Тәрбиешілер өздеріне білім, ұғым мен тәжірибе алып, ойлары өсіп қалды.

Тыңдалды: Зерттеу, іздестіру әрекеттеріне арналған ойындар жинағы. Көрме.

Сөйледі: Көрменің мақсаты: Балалардың қоршаған ортаға танымдық қызығушылықтарын арттыру, өсімдіктер, жануарлар әлемі, табиғаттағы маусымдық өзгерістер туралы ұғымдарын қалыптастыру, заттар арасындағы байланыстардың себеп-салдарын, құбылыстар мен оқиғаларды түсіну іскерліктерін қалыптастыру. Заттарды көлеміне, түсіне, пішініне, бөлшектеріне, сапасына, қызметіне, ерекшелігіне қарай ажыратып, оларды қолдану іскерліктерін жетілдіру.

II кіші топ тәрбиеші А.Мырзабекова

Ойындар: «Табиғаттың кереметі»

-«Заттың атын табайық»

- «Табиғат құбылыстарын ажыратып, олардың қасиеттерін ата»

- «Бөлме өсімдіктері ме, дәрілік өсімдік пе?»
- «Тұқымына қарай ағашын тап»
- Тамшының жыл мезгілдеріне саяхаты»
- «Жапырағына қарай ажырат»
- «Сен жасыр, біз табамыз»

II кіші топ тәрбиеші Қ.Сүгірбаева

- «Жұмсақ және қатты»
- «Шешуін тап»
- «Аузымызға не түсті, тісімізге не тиді?»
- «Дөңгелек, үшбұрыш, шаршы»
- «Суреттегенді тап»
- «Ойыншықтар қайда жасырынды

Ортаңғы топ тәрбиеші М.Махатова

- «Жемістер мен көкөністер»
- «Су қайда кетті?»
- «Судың түсі»
- «Мұз қайда кетті?»
- «иіскеп, сезіп, таны»
- «Қатты-жұмсақ»
- «Қысқа-ұзын

II кіші топ тәрбиеші Қ.Сүгірбаева

- «Сабынды көпіршектер»
- «Бояуларды араластыр»
- «Құммен ойын»
- «Мынау қай пішін»

II кіші топ тәрбиеші А.Мырзабекова

- «Қағаз қарлар»
- «Сиқырлы магниттер»
- «Ғажайып дорба»
- «Жаңғақ кемелер»

II кіші топ тәрбиеші Қ.Сүгірбаева

- «Ойыншықтарды жасыр»
- «Мен пісірдім»
- «Ақшақар»
- «Қар лақтыру»

Ортаңғы топ тәрбиеші М.Махатова

- «Мынау қай пішін?»
- «Жәй және тез»
- «Қолымда не бар?»
- «Батады-батпайды»

- «Ериді-ерімейді

Ортаңғы топ тәрбиеші Ж.Қасымбекова

- «Су азайды ма, көбейді ме?»
- «Жеңіл, ауыр»
- «Судағы мұз»
- «Сусымалы заттар»

II кіші топ тәрбиеші А.Момынова

- «Құмдағы жолдар мен өрнектер»
- «Түрлі түсті сүлгілер» боялған суды қатыру
- «Резеңке ойыншықтармен ойын»
- «Параллондармен ойын»

Сөйлегендер: Б/б меңгерушісі Р.Раимкулова балалар ойынмен жетіледі, оларға бәрі қызық, ойнайды, әрі ермек етеді. Зерттеу ойындары кезіндегі сіздерге қойылатын бірінші талап баланың өміріне қауіпсіздігін ескеру, жас ерекшелігін ескеру, аузына салып дәмін көруге олар өте құмар болады. Осы жинақталған зерттеу – іздестіру ойындарын өңдеп, қайта топтап кітапша жасатуды тәрбиеші Махатова Мақпалға тапсырамын. Әдістемелік құрал ретінде балабақшадағы барлық топ пайдалануға болады деді.

Тыңдалды:

Тәрбиеші Ж.Қасымбекова «Денсаулық» саласынан дене шынықтыру сабағы талқыланды.

Сөйлегендер: II кіші топ тәрбиешісі А.Мырзабекова

Тәрбиеші балалармен бірге жаттығу жасағанда тапсырманы түсіндіріп, көрсетіп сосын әуенмен бәрі бірдей жасауға шақырды. Әуендер көңілді, балаларға жағымды әсер етті. Балалар өздерін еркін ұстап, сергіп қалды. Тәрбиешінің берген бұйрығына, ойын ережесіне бағына білді.

Әдіскер: А.Удербаетова балалардың жаттығуларды орындауды икемділігі жақсы, шеңбер бойымен жүру, жүгіру жаттығуларын жақсы орындады, ара қашықтық сақтауға жиі шақырып тұру қажет. Жаттығулар ең біріншісі бас, мойын, бұлшық еттеріне, екіншісі белге, үшіншісі бұлшық еттеріне жасалынды. Жаттығулардан соң көңілді автомобильдер ойынын балалар зор ықыласпен ойнады.

Шешім:

1. Балалардың қарапайым ақпарат көздерін пайдалануда дағдыларын жетілдіруді ұйымдастыру.

2. Баяндамада аталған ақпараттық мәдениеттің элементтерін, аталған әдіс-тәсілдерді оқу тәрбие үдерісінде пайдалану, тәрбиелеу.
3. Тәрбиеші З.Туякбаева зерттеу-ізвестіру ойындар жинағын топтасын, жыл бойы балабақшада ойындар жоспарға енгізілсін.
4. Тәрбиеші Қ.Сүгірбаеваның сабағы жақсы деп бағаланып, оқу-тәрбие ісіне ендірілсін.

Төрайымы: / *Р.у* / Р.Раимкулова

Хатшы: / *М.у* / М.Махатова

Қатысқандар: 15

Күн тәртібі:

1. Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы жөнінде
2. Қоршаған ортаға, табиғатқа қамқорлықпен қарайтын, қарапайым экологиялық түсініктерді меңгерген бала тұлғасын қалыптастыру.(Баяндама)
3. Қоршаған ортаға танымдық қызығушылығын арттыру.(пікір алмасу)
4. «Табиғат біздің анамыз» атты жылжымалы папкалар мен альбомдар көрмесі.
5. Ашық сабақтарды талқылау.

Тыңдалды: Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы жөнінде

Сөйледі: Р.Раимкулова— балабақша меңгерушісі бала өзіне жан-жақтан ақпарат алып, меңгере бастайды. Тек біздің сөз сөйлеу мәнеріміз, іс-әрекетіміз, қимылымызға да еліктеп, қайталауға әрекеттенеді, бойына сіңіріп өседі. Құрдастарымен қарым-қатынасқа түсіп, олардың әрекетімен, ойымен, мінезімен бөліседі. Жалпы қоршаған ортасына қарап өзіне мағлұмат алып, ойы, тіл байлығы дамиды.

Ойын кезінде танымдық білімдері артып, өмірлік тәжірибеде пайдалануға әрекеттенеді. Мысалы: балабақшада зерттеу – іздестіру ойындарында (қант, тұз) екеуін үйде бақылау жасап қайталады. Мұзды бояуды, суға бояу, қатыру арқылы жасалатынын, сабынды көпіршектермен ойнау, қағаздың суда жібитіні, жыртқанда дыбыс шығуы, бүктеу арқылы түрлі заттар жасауға болатыны туралы. Балалармен ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінде , өмірін ұйымдастыруында түрлі зерттеу-іздестіру ойындары жоспарлануда. Заттардың көлемі, түсі, пішіні, қасиеттері, санын ажырата отырып көп нәрсеге көз жеткізеді.

Балалардың қызығушылығын, танымдық белсенділігін дамытуда қажетті ортаны үнемі қызықты, мазмұнды етіп құруға әрекет етуді тапсырамын деп сөзін аяқтады.

Тыңдалды: « Қоршаған ортаға, табиғатқа қамқорлықпен қарайтын, қарапайым экологиялық түсініктерді меңгерген бала тұлғасын қалыптастыру.» (Баяндама)

Сөйледі: М.Махатова – ортаңғы топ тәрбиешісі өз баяндамасын оқыды. Баяндамада: балаға табиғаттың ықпалы зор. Оларға заттар мен құбылыстардың әсерін: көру, есту, ұстау, иіскеу, дәмін тату, эксперименттеу арқылы сезімге жағдай жасауымыз қажет. Балалар күнделікті тәжірибесінде: құстарды және жәндіктерді бақылау жер бетіндегі өсімдіктер мен жануарлар туралы телехабарды көру, бөлме гүлдерін, аула гүлдерін отырғызу, күту арқылы табиғат нысаны мен құбылыстарымен тығыз байланыста, қарым-қатынаста болады. Табиғат құбылыстары мен көріністері балаларды

сұлулығымен, қанық бояларымен тәнті етеді. Қоршаған ортамен қарым-қатынас баланың сезімін оятып қоймай, фантазиясын, тіл байлығын оятып, түрлі сұрақтар қоя бастайды. Балаларды қоршаған ортамен таныстырып қана қоймай, әлемді сүйіп, оның заңдарына сүйеніп, яғни табиғатты аялау, жауапкершілік сезімдерін ояту жөнінде іс-әрекеттер ұйымдастыру туралы болды.

Сөйлегендер: Ж.Қасымбекова – тәрбиеші ортаңғы топта балалар көп нәрсені түсініп, қызығып, заңдылықтарына да мән береді дегеніне мен келісемін. Себебі: серуенде құсқа қамқор болу, ұя жасап, жем беру, гүлдерді күту, ауланы ластамау, немесе ағаштарды сындырмау, бәрін түсініп, ондай іс-әрекеттердің пайда-зиянын біледі. Тіптен «Жасыл ел» бағдарламасына сәйкес жасыл галстук тағып, елімізді көгалдандыру мен көріктендіруге қатысушы жастар жөнінде бейне таспалар көріп, соларға ұқсауға бағады.

Ж.Қасымбекова – тәрбиеші Балалар өсе келе түрлі табиғат құбылыстарын аңғарып, мән береді. Және сұрақтары да көп. Мысалы: Жұлдыз неге ағады, бұлттар бірде бар, бірде жоқ? Теңіз суы қайдан келеді? Құм неге сусиды деген сұрақтар қояды. Бәрін білгісі келіп тұрады. Ал, мен оларға табиғатты қорғау міндеттіміз, өйткені көптеген жануарлар, құстар, өсімдіктер жоғалып кетуде, олар қызыл кітапқа енген. Ауа, су, ағаштарды қорғап, ластамауға дағдыланайық деп үйретемін. Түрлі ойындармен, зерттеу-іздігіру жұмыстарымен байланыстыруға әрекеттенемін.

Тыңдалды: Қоршаған ортаға танымдық қызығушылығын арттыру.
(пікір алмасу)

Сөйледі: педагогтар балалардың қоршаған ортаны қабылдауын, білімдерін шығармашылықпен байланыстыруды дамыту, іскерліктерін дамытудың жолдарын сөз етті. Мысалы: жел тұру, ағаштар тербелуі, судың толқын тебіренуілерін қимылмен әуенге сәйкес келтіру, жапырақтың түсуі, құстардың ұшуын,, қар жауын, кемпірқосақтар түсін бейнелеу, жапсыру арқылы, табиғи материалдармен түрлі заттар жасап, қалдық заттарды қолданып зат жасауға үйрету жөнінде айтылды.

Тыңдалды: «Табиғат біздің анамыз» атты жылжымалы папкалар мен альбомдар көрмесі.

Сөйледі: Р.Раимкулова көрме жайлы айта келіп, «Балауса» II кіші топ тәрбиешілер А.Удербоева, Қ.Сүгірбаева Таулы, орман, сулы жерлерден жыл мезгілдері көріністері, құстар, орман жануарлары екені туралы айтып ұсыныс берді.

Ұсыныс: Суреттер санын толықтыру.

«Балдәурен» II кіші топ тәрбиешілері А.Мырзабекова, Қ.Сүгірбаева

Таудан аққан су, гүлдер, тау бөктеріндегі шыршалар, табиғат көріністері орман іші көріністері.

Ұсыныс: толықтыру.

«Балауса» II кіші топ тәрбиешілер А.Удербоева, Қ.Сүгірбаева

Су асты тіршілігі, балықтар, су жәндіктері, әдемілігі, су асты өсімдіктері

«Еркетай» ортаңғы топ тәрбиешілері

М.Махатова, Ж.Қасымбекова

Ағаш түрлері, әдемі сұлу, қатар түзеген жалғыз көлеңкесі үлкен, күзгі ағаштар жапырақсыз, ұсқынсыз ағаштар, көктемгі гүлдеген мәуелі ағаштар, үстіне көп құстар қонақтап ұя салған ағаштар.

«Толағай» ортаңғы топ тәрбиешілер М.Махатова, Ж.Қасымбекова құстар, көгершіндер, аққулар, түрлі-түсті тоты құстар, қаздар, үй құстары, балапандар, қарлығаш, үкі, бақыт құсы, көкек, түйеқұс, қараторғай, торғай.

Ұсыныстар: Барлық топта әдемі сұлу табиғат пен жануарларды және соларды жойып, қиратқан, ластаған және орман қорғаушысы қызметкерлері, брооньерлер, жасыл-галстук таққан табиғат қорғаушылар жөнінде суреттермен толықтыру.

Тыңдалды: Ашық сабақтарды талқылау.

Сөйледі: тәрбиешілер М.Махатова, Ж.Қасымбекова «Өсімдіктер әлемі» атты ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті туралы айтты. Ондағы сабақтың мақсаты балалар жасына лайықты алынған. Табиғат туралы қысқа және нақты мағлұмат алды. Таза ауада серуендеп жүріп, ауа жұтып, зерттеп, көбелектер ұстау ойынын қызыға ойнады. Арықтан аққан суды бақылап, оның өсімдіктерге қажет екенін көзбен көріп, сұрақ-жауап өткізді. Балалардың сөздік қоры байып, әдемі әсер алды. Еңбекпен байланыстырды.

Сөйледі: – М.Махатова, тәрбиеші маған тәрбиеші Ж.Қасымбекова сабағы ұнады. Тәрбиеші алдына ала бәрін жоспарлаған, құрал-саймандары да түгел. Табиғат жайлы әдемі жылулық шеңберін құрды. Балалар мен тәрбиеші арасындағы ынтымақтастық қарым-қатынас өте жақсы орнаған. Жалпы балалар таза ауада өздерін де еркін, ыңғайлы ұстады.

Шешім:

1. Өткен кеңес шешімдерінің орындалуы жалғастырылсын.
2. Ұйымдастырылған оқу-тәрбие үрдісінде балаларды табиғатпен таныстырумен бірге, табиғатты қорғау, аялау сезімдеріне тәрбиелеу.
3. Танымдық қызығушылығын арттыруда қызықты, мазмұнды әдіс-тәсілдер, ойындар пайдаланылсын.
4. Альбомдарға жасалған ұсыныстар, толықтырылсын.
5. Тәрбиеші Г:Шымырбаеваның ашық сабағы жақсы деп бағалансын, әдіс-тәсілдерін, элементтерін ұйымдастырылған оқу іс-әрекетіне ендірілсін.

Төрайымы:



Р.Раймкулова

Хатшы:



М.Махатова

Педагогикалық кеңестің №5 хаттамасы

Мерзімі:

30.05.2022ж

Қатысқандар: 12

Күн тәртібі:

1. Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы жөнінде
2. Тәрбиешілердің шығармашылық жұмыстарына есеп беруі
3. Жазғы сауықтыру жұмысын бекіту
4. Қорытынды мониторинг
5. Ашық сабақтарды талқылау

Тыңдалды: Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы жөнінде

Сөйледі: Р.Раимкулова – балабақша меңгерушісі балаларға жан-жақты тәрбие беруде таным саласы, экология негіздері ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті мен қоршаған ортамен таныстырудың мақсаты: балалардың экологиялық сана сезімінің негізін қалыптастыру, қоршаған әлеммен үйлесімді өмір сүрудің қажет екені туралы түсініктерін қалыптастыру, қоршаған ортадағы таным іс-әрекетіне қызығушылығын қалыптастыру. Бұл түсініктерді табиғаттағы маусымдық өзгерістермен таныстырып, бақылау жасау арқылы, өсімдіктер мен жануарлар әлемімен таныстыра отырып, береміз. Мысалы серуендеу кезінде көбірек көңілдерін бөліп күзде жаңбыр көп жауып, шалшық су жиналып, күн суытса, қыста аяз болып, қар жауады, көктемде құстар келіп, егін егіледі, гүлдер гүлдеп, көшеттер отырғызамыз, аула гүлін егеміз, жазда күн жылы емес, қатты ысиды, ағаштар жапырақтары үлкейіп өседі, құстар мен жәндіктер көбейеді, жеміс-жидек піседі. Бәрін бақылап, көріп, суреттер, муляждар, бейнетаспалар, ойындар, пайдаланамыз. Жас ерекшелігіне қарай гүлдің түрлерін атап, ажырату, олар жарықты жақсы көреді, сабағы арқылы көбейеді, кейбір гүлдер күндіз ашылып, кешке жабылады, көшет немесе тұқымдар арқылы көбейеді деп мағлұматтар береміз.

Тыңдалды: Тәрбиешілердің шығармашылық жұмыстарына есеп беруі

Сөйледі: А.Шекербекова – тәрбиеші шығармашылық жұмысының тақырыбы: «Балалармен жапсырудың тәсілдерін меңгеру»

Жоспар түзілген, өнімді іс-әрекеттер бағыттары, жапсырудың түрлері, тәсілдері талданып сызбасы жасалған. Балалармен заттық және табиғи материалдармен ұжымдық жұмыстарды орындаған, басқа саламен байланыстырып сабақтар өткен.

Ұсыныс: жасалған сызба, жоспарларды компьютерде түрлі түсі етіп, әсемдеп жасау, түрлендіру, толықтыру.

Сөйледі: Ж.Қасымбекова – шығармашылық жұмысының тақырыбы:

«Баланың сөздік қорын дамыту»

Тақырыпқа арналған кірсіпеді тақырыптан ауытқып кеткен. Тілдің жалпы дамуына, үлгілеріне тоқталған. Жоспар жоқ.

Ұсыныс сөздік қорын байытуда балалардың қоршаған орта туралы түсініктерін қалыптастыруда барысында сөздік қорын дамыту, сөз таптарына (зат есім, сын есім, үстеу) қатысты сөздермен байыту керек. Заттардың бөліктерін атау, қасиеттерін, сапасын, пішіні, қандай материалдан жасалғаны жөнінде білдіретін сөздермен толықтыруды көрсету, іс тәжірибесіне ендіру, қарама-қарсы сөздер, заттарды топтастыру, ұлттық бұйымдармен сөздік қорын байытуды жоспарлау

Тәрбиеші: С.Абубакирова тәрбиеші шығармашылық жұмысының тақырыбы:

«Баланың психо-физиологиялық денсаулығын қорғау және нығайту, өмірге қажетті әрекеттер мен дағдыларды қалыптастыру.

Мақсаты: Балалардың денсаулығын қорғау және нығайту, қимыл қозғалыс дағдыларын қалыптастыру, ептілікке баулу белсенділігін арттыру. Денсаулық білім саласында дене шынықтырудың жұмыс түрлері, сабақты ұйымдастыру мен өткізу жолдары, өз бетімен жасайтын қимыл-әрекеттері, денсаулық күндері, таңертеңгі гимнастика, қимылды ойындар шынықтыру шаралары, негізгі қимылдарға тоқталып түсініктемелер жасаған.

Тәрбиеші: З.Тұяқбаева

Тақырыбы: «Балалардың сенсорлық тәжірибесін байыту және қалыптастыру»
Тақырыпқа сәйкес баяндама жасаған. Баяндамада балалардың сенсорлық тәжірибесін байыту мен қалыптастыру және қазіргі уақытта алатын маңызды кезеңдері жөнінде айтылған. Балалардың тек сезім мүшелерін ғана емес, дене бітімінің қалыптасуына, психикасына қосатын үлесі туралы айтылған. Әр жас ерекшелігіне де байланысты екені, 4 жастан жоғары қарай күрделеніп, балалар түсті ажыратып қана қоймай, атап, геометриялық пішіндерді бір-бірінен ажыратып, үлкен-кішілігін білу керек, сонымен бірге түстерді топтауға, пішіндерді жинақтауға, атауларын атап, үлкен-кішісін сұрыптауға үйретіп, сенсорлық тәрбиені мүсіндеу мен сурет салуда үйрету керек. Тәрбиеші де сенсорлық тәрбие жүргізу мақсатында дидактикалық ойындар мен жаттығуларды шебер қолдана білуі керек деп өз іс-тәжірибесінен мысалдар келтіріп, суреттерімен сабақтарын салған.

Ұсыныс: Жоспардың түзілу структурасы және негізгі бөлім атауларын өзгерту, атауларға қандай жолдар арқылы, сенсорлық тәрбие беріледі. Мысалы: түсін атау және ажырату, геометриялық пішіндерді атау және ажырату, заттардың үлкен-кішілігі, өнімді іс-әрекеттер арқылы жетілдіруді қою.

Тәрбиеші: М.Махатова

Тақырыбы: «Құстар – біздің досымыз» баяндамада әлеумет саласының экология сабағында балаларды табиғат құбылыстары, жан-жануарлар, құстар, өсімдіктермен таныстыра отырып қоршаған ортада, айналада болып жатқан жағымды-жағымсыз құбылыстарды сезіне, түсіне, әсерлене білуге үйретіп дүниетанымын дамыту ұлттық психологиясын қалыптастыру айтылған. Құстармен таныстыру жолдары аталған, сабақтары тіркелген.

Ұсыныс: Құстармен таныстыруды ойындар, қойылымдар, өнімді іс-әрекеттермен жұмыс, ата-аналармен жұмыс, құстар күні мерекесін атау,

табиғат бұрышында құстар ұстап күтіп-баптау, бейнетаспа, ұнтаспалар пайдалану. Сонымен бірге басқа да педагогтар шығармашылық жұмыстарына есеп беріп, талқыланды. Кеңестер мен ұсыныстар берілді. Барлық жұмыстар әле де толықтырулар мен іздену, еңбектенуді қажет ететінін айтылды.

Тыңдалды: Жазғы сауықтыру жұмысын бекіту

Сөйледі: А.Удербоева балалармен жазғы оқу тәрбие жұмысын ұйымдастыруда жазғы маусымға арналған күн тәртібі мен кестеге ауысып, негізгі міндеттерімізді жауапкершілікпен атқаруға шақырамыз. Балалардың денсаулығын сақтау мен нығайту жұмыстарын қолға алайық, тиімді, қауіпсіз нығайлы болуына көңіл бөліп, әрқашан есте сақтайық.

- Ауа және күн ванналар қабылдау.
- Жалаң аяқ құм үстінде жүру
- Қимылды ойындар
- Мерекелер
- Туылған күндер
- Ертегілер қойылымы
- Еңбекке баулу
- Спорттық жарыстар ұйымдастыру жоспарлануда. Жазғы маусымға арналған іс-шаралар әр алуан, қызықты ұйымдасқан түрде өтуін қадағалаймын және жоспарларын бекітіп, өткен соң әдістемелік кабинетке суреттерімен жинақтауды әдіскер О.Бейсенбаеваға тапсырамын.

Тыңдалды: Қорытынды мониторинг

Сөйледі: А.Удербоева педагогтарды шеберліктері мен іскерліктерінің бағалану деңгейінің мониторингі жөнінде талқылап өтті. ҚР МЖМС-ның бес білім беру саласының базалық мазмұны балалардың танымдық қабілеттерін, жеке басының бейімділігін қызығушылықтары мен қажеттіліктерін дамытудың негізі болып табылады. Осы қажеттіліктерді балаларға дамытуда педагогтарымыздың балаларды зерттеуі, өзін-өзі басқаруы, топтарды безендіруі, ата-анамен жұмыс жүргізуі шығармашылық қабілетін дамытуы күннің II жартысын ұйымдастыруы еңбекке баулып, серуенде бақылау ұйымдастыруы қандай деңгейде өткізілгені жөнінде баллмен бағаланды, балаларымыздың да негізгі қалыптасуындағы жетістіктері бағаланып, жылдық есеп тапсырылды.

Ортаңғы топ: Ж.Қасымбекова 3,0

Ортаңғы топ: М.Махатова 3,0

II кіші топ: Г.Шымырбаева 3,2

II кіші топ: Қ.Сүгірбаева 3,0

Ортаңғы топ – 3

Ортаңғы топ – 3

II кіші топ – 3

II кіші топ – 2

Келешекте өз білімдеріңізді жетілдіріп, дамытушы орталар мазмұнын жаңартып, түрлендіру, өзгерту қажет.

Шешім:

1. Өткен кеңес шешімдерінің орындалуы қадағалансын
2. Тәрбиешілер шығармашылық жұмыстарын толықтырып, ізденсін.
3. Жазғы маусымға арналған іс-шаралар жауапкершілікпен өткізілсін.
4. Педагогтар білімін жетілдіруде ізденіп, дамытушы орталар мазмұны толықтырылып, өзгертілсін.

Төрайымы:



Р.Раимкулова

Хатшы:



М.Махатова

ЖШС «Нұр-Дидар» бөбекжай балабақшасы

Педагогикалық кеңестің №1 хаттамасы

Қатысқандар : 13

29.08.2022

Күн тәртібі:

1. Жазғы маусымдық іс шаралар есебі, ашық ұйымдастырылған іс-әрекеттің жыл үздігін анықтау.
2. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығына Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты жалпы ережелері, талаптары туралы.
3. Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдары мен мектеп алды сыныптарында 2022-2023 оқу жылында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хат
4. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары, күн тәртібі, 2022-2023 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекетінің кестесін бекіту.

1.Тындалды:

Балабақша меңгерушісі Р.Раимкулова өткен жазғы маусымдық іс шаралар есебі, ашық ұйымдастырылған іс-әрекеттің жыл үздігін анықтау

тоқталып өтті: Жаңа оқу жылының басталуымен педагогтарды құттықтап, алдағы оқу жылында жас ұрпаққа білім мен тәрбие беруде сапалы, жаңаша мазмұнда оқу тәрбие үдерісін жүргізуде жауапкершілікпен қарауға шақырды. Өткен жылдың ашық ұйымдастырылған іс-әрекеттердің ішінде ересек тобының тәрбиешісін Көркем әдебиеттен өткен «Орманшының баласы» тақырыбындағы ұйымдастырылған іс-әрекетті үздікке лайықты деп ұсынды.

Сөйлегендер: Балабақша әдіскері М.Шекербекова –М.Махатова апайымыз балалармен жұмысына өте тиянақты, сабырлы, ықыласпен қарайды. Қойған

мақсатынан ауытқымай, баланың жас ерекшелігі мен жеке ерекшелігіне де мән береді. Балалар ертегі желісін қызығушылықпен орындап, рөлге ене білді.

Тәрбиеші: Г. Шымырбаева Тәрбиеші М. Махатова а үнемі түрлі әдістермен, басқа қызықты жағдаяттармен сабақтастырып өтеді. Ақпараттық коммуникаивтік құралдарды пайдаланған, бейнетаспа сапасы, мазмұны балаларға қызықты болды. Мен үнемі үлгі тұтамын Гүлзира апайды деді.

Педагогтар бірауыздан тәрбиеші М. Махатова Көркем әдебиеттен өткен «Орманшының баласы» тақырыбындағы ұйымдастырылған іс-әрекетті үздікке лайықты деп келісімін берді.

Және де тәрбиешілер жазғы маусымға арналған іс-шаралар есебін берді. Проекттен жазғы іс-шаралар, ойындар, сауықтыру шараларының бейнетаспалары, суреттерін көріп ұжым болып баға берілді.

Ең үздігі Ортаңғы «Балапан» тобының театрландырылған қойылым «Үйшік» ертегісі тәрбиеші А. Удербасов а және ересек «Еркетай» тобындағы тәрбиеші З. Туякбаева таза ауадағы денсаулық мерекесіне өте жақсы деген баға беріліп, алдағы уақытта жазғы іс-шараларды қызықты, пайдалы жағын қарастыру тапсырылды.

2. Тыңдалды :

Балабақша меңгерушісі Р. Раимкулова Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығына Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты жалпы ережелері, талаптары туралы таныстырып, түсініктемелер берді. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің мектепке дейінгі ұйымдар үшін әзірленген білім беру бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырылады. Тәрбие мен оқыту нәтижелеріне бағдарланған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнына қойылатын талаптарды негізге ала отырып тәрбиелеу-білім беру процесінде: әр баланың қызығушылықтарын, ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, жалпы адами және ұлттық құндылықтар негізінде оларды толыққанды дамыту мен әлеуетін ашу жүзеге асырылады, балалардың құқықтарын, өмірін қорғау, денсаулығын нығайту қамтамасыз етіледі, қозғалыс, бейімделу, коммуникативтік, әлеуметтік-эмоционалды, когнитивтік дағдылар, өзіне, отбасына, құрдастарына, қоршаған ортаға адамгершілік қарым-қатынасы, тәрбиеленушілердің қарым-қатынас мәдениеті, ұлттық бірегейлік пен азаматтық негіздері, патриотизм

қалыптасады; тәрбиеленушілердің физикалық, зияткерлік, танымдық-сөйлеу, көркем-эстетикалық, шығармашылық қабілеттері дамиды,

Отанға, ана тіліне сүйіспеншілік тәрбиеленеді, баланың мектепте оқуға физикалық, психологиялық, эмоционалдық, әлеуметтік дайындығы үшін тең бастапқы мүмкіндіктер беріледі.

1) дене шынықтыру (ерекше тәрбиеленушілер үшін бейімделген дене шынықтыру);

2) жүзу (жүзу бассейні болған кезде);

3) сөйлеуді дамыту;

4) көркем әдебиет;

5) сауат ашу негіздері;

6) қазақ тілі

7) сенсорика

8) математика негіздері

9) құрастыру;

10) қоршаған ортамен таныстыру

11) сурет салу;

12) мүсіндеу;

13) жапсыру

14) музыка бойынша ұйымдастырылған іс-әрекеттерді кіріктіру арқылы жүзеге асырылады.

Және де тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптарға, тәрбие мен оқыту мерзіміне қойылатын талаптарын атап көрсетті кіші топ – 2 жастағы балалар, топ – 3 жастағы балалар, ересек топ – 4 жастағы балалар, мектепалды топ – 5 жастағы балалар.

Жаңа оқу жылында осы мемлекетік жалпыға міндетті стандарт талаптарымен, ережелерімен жұмыс жүргізуді тапсырды.

3.Тыңдалды : балабабақша әдіскері М.Шекербекова

Қазақстан Республикасының Оқу ағарту министрлігінің Балаларды ерте дамыту институтының мектепке дейінгі ұйымдары мен мектеп алды сыныптарында 2022-2023 оқу жылында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хатымен таныстырып өтті.

Құрметті әріптестер еліміздегі мектепке дейінгі ұйымдар қызметін, сапасын жақсарту мақсатында еліміздің мектепке дейінгі ұйымдарында ауқымды зерттеулер жүргізілді. Зерттеу жасау үшін барлық өңірлерден меншік түрі мен нысанына қарамастан мектепке дейінгі ұйымдар қамтылып, бақылаулар жүргізді. Жүргізілген зерттеу бойынша мынадай нәтижелер айқындалған: «Балалардың бір-бірімен қарым-қатынасы және тәртібі» көрсеткіші бойынша ұйымдастырылған оқу қызметінің санының көп болуына байланысты балалардың күндізгі уақытта бір-бірімен араласу мүмкіндігінің болмауы, бақылау барысында педагогтердің балалар

арасындағы кикілжіңде қалай әрекет ету керектігін және туындайтын кикілжіңдерді шешуге балалармен келіссөздер жүргізуге және оны шешуге қалай көмектесу керектігін білмейтіндігі. «Балалармен жұмыс кезінде қызметкерлердің кітапты пайдалануы» көрсеткіші бойынша кітаптарды бақылау кезінде мүлде қолданбауы, ал «Балаларды кітап қолдануға баулу» көрсеткіші бойынша балаларға арналған жұмсақ ыңғайлы бұрышы бар кітап оқу үшін арнайы ұйымдастырылған орынның болмауы немесе болған жағдайда кітаптардың қолжетімді болмауы; «Өнер» көрсеткіші бойынша мектепке дейінгі ұйымдарда бейнелеу әрекетіне тиісті жағдай жасалмағандығы, құралдардың бала санына лайық еместігі анықталаған. Тексеру нәтижелеріне сүйене отырып тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыруда педагогтерге келесі қағидаларды назарда ұстау ұсынылады:

- ойын арқылы оқыту;
- түрлі балалар әрекетін ұйымдастыру арқылы (ойын, қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, еңбек, дербес) балаларды дамыту.

Әдістемелік нұсқау хат қосымшасында ұсынылған перспективалық жоспар, циклограмма үлгісін, баланың жеке даму картасының үлгісімен таныстырып, алдағы жылы сабақтастық, демек кіріктірілген түрде оқу тәрбие жұмысы жоспарланады, жүргізіледі деп тап өтті. Тәрбиешінің жүргізетін 3 құжаты :перспективалық жоспар, циклограмма, бала дамуының мониторингі екенін де, нақтылап өтті.

4.Тыңдалды: Балабақша меңгерушісі Р.Раимкулова Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығына Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты жалпы ережелері, талаптарына сай түзілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары, 2022-2023 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекетінің кестесін бекітті.

Шешім:

1. Жылдың ашық ұйымдастырылған іс-әрекеттің жыл үздігі М.Махатова жазғы маусымдық іс шаралар үздіктері з.Туякбаева, А.Удербаетоваға алғыс жарияланып, алдағы уақытта тәрбиешілер іс-шаралардың қызықты, пайдалы болуы қарастырылсын. Жауапты: Тәрбиешілер

2. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығына Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты жалпы ережелері, талаптарына сай оқу тәрбие үдерісі жүргізілсін. Жауапкершілікті өзіме қалдырамын

3. Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдары мен мектеп алды сыныптарында 2022-2023 оқу жылында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хаттың қағидаларына сәйкес заттық дамыту орталар құрылып, балалармен оқу тәрбие үдерісі балалардың қызығушылығына, ерекшеліктеріне қарай жүргізілсін. Жауаптылар: Әдіскер М.Шекербекова, жалпы педагогтар.

4. Бекітілген үлгілік оқу жоспары, күн тәртібіне, ұйымдастырылған іс-әрекет кестесіне сай күнделікті, жүйелі балалардың өмірі ұйымдастырылсын. Жауаптылар: Барлық педагогтар

Төрайымы:



Р.Раимкулова

Хатшы



М.Шекербекова

ЖШС «Нұр-Дидар» бөбекжай балабақшасы

Педагогикалық кеңестің №2 хаттамасы

Қатысқандар : 13

28.10.2022

Күн тәртібі:

- 1.Өткен педагогикалық кеңестің шешімдерінің орындалуы жөнінде
- 2.Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы .
Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 14 қазандағы №422 бұйрығы
3. Ересек «Толағай» тобының тәрбиешісі М.Махатованың «Орманшының баласы» тақырыбындағы көркем әдебиет ашық ұйымдастырылған іс-әрекетін талқылау.
- 4.Бір күндік күн тәртібінің сақталуы.Жедел тексеру қорытындысы.Барлық топ

1.Тыңдалды:

Балабақша әдіскері М.Шекербекова өткен педагогикалық кеңестің шешімдерінің орындалуына тоқталып өтті:

Күн тәртібі құрылымы бойынша циклограмма жоспары түзіліп, балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, күні бойы балалардың физикалық белсенділігіне уақыт бөлінеді. Мемлекеттік тілді меңгерту мақсатында күні бойы режимдік сәттерде театрландырылған қойылымдар,желілік рөлдік ойындар,танымдық ойындар ұйымдастырылуда.Балалардың тілдік қарым-қатынасын дамытуда үлгілік оқу бағдарламасында айқындалған сөздік минимумды үйрету, түрлі балалар әрекетінде тәрбиеленушілердің ауызекі байланыстырып сөйлеуін дамыту, сондай-ақ қазақ халқының мәдениетімен, салттары мен дәстүрлерімен таныстыру, белсенді сөздікті байыту, сөздік нормаларды, мәдениетті қарым-қатынасты игерту мақсатында алынуда,топтағы кітап бұрышын ата-аналардың қатысумен толықтырылып,үйде де оқып танысуға ұсынылды және заттық-дамытушы орталар мазмұны да толықтырылып отыр деді.

2.Тыңдалды:

Балабақша меңгерушісі Р.Раимкулова Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 14 қазандағы №422 бұйрығымен бекітілген жаңа Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасымен таныстырып өтті:

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы «Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңына, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптарына сәйкес әзірленген.

Бағдарламаның мақсаты: әр баланың қызығушылықтарын, ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, жалпы адами және ұлттық құндылықтар негізінде оларды толыққанды дамыту мен әлеуетін ашу.

Бағдарламаның міндеттері мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу мен оқыту үшін жайлы және қауіпсіз білім беру жағдайларын жасау, баланың даралығы мен субъективтілігін қолдауға бағытталған дамытушы заттық-кеңістіктік ортаны, оның ішінде арнайы ортаны құру, олардың жас ерекшеліктеріне сәйкес біліктері мен дағдыларын қалыптастыру, мектепке дейінгі білім берудің сабақтастығы мен үздіксіздігі ұстанымдарын қамтамасыз ету, балалардың физикалық дамуы, коммуникативтік, танымдық, зияткерлік, шығармашылық дағдыларын, зерттеушілік қабілеттерін дамыту, әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларын қалыптастыру, баланың зияткерлік, әлеуметтік дағдыларын және тұлғасын дамыту үшін инновациялық әдістер мен технологияларды қолдану, оқыту, дамыту және тәрбиелеу міндеттерінің бірлігін қамтамасыз ету, балаларды қазақ халқының ұлттық құндылықтарына, отбасылық құндылықтарға, отаншылдыққа, Отанға деген сүйіспеншілікке, мәдени-әлеуметтік нормаларға баулу, балаларды дамыту мен тәрбиелеу үшін отбасы мен мектепке дейінгі ұйымның күш-жігерін біріктіру, баланың мектепте оқуға физикалық, психологиялық, эмоционалдық, әлеуметтік дайындығы үшін ең бастапқы мүмкіндіктерді беру болып табылады.

Бағдарламаның мазмұны балалардың физикалық және психикалық дамуының жас кезеңдерін ескере отырып, келесі жас топтарында іске асырылады:

ортаңғы топ – 3 жастағы балалар;

ересек топ – 4 жастағы балалар;

6. Бағдарламаның мазмұнын меңгеру мерзімі – 5 жыл, бір жас тобында – 1 жыл.

Педагог балаға:

ненің «дұрыс» және ненің «бұрыс» екенін түсінуді; сыпайы және мейірімді болуды; дос болуды, құрметтеуді, көмектесуді, бөлісуді; қызығушылық танытуды, қоршаған әлемді бақылауды және зерттеуді; тыңдауды, түсінуді және саналы сөйлеуді;

қауіпсіз мінез-құлық ережелері мен салауатты әдеттерді сақтауды; физикалық белсенділікке, соның ішінде белсенді қимыл ойындарын ойнауды; өзі ойнауды; ересектерге көмектесуге, еңбекқорлыққа; ата-анасына, достарына, туған өлкесіне деген сүйіспеншілік пен қамқорлық көрсете білуді, отбасын бағалауды; өзіне қамқорлық жасауға және ниетін білдіруге үйретеді.

Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру балалардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, күн сайын ойын түрінде және қоршаған ортамен таныстыру ұйымдастырылған іс-әрекеті арқылы іске асырылады.

Ортаңғы топ (3 жастағы балалар) Физикалық дамыту балалардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, күн сайын ойын түрінде және дене шынықтыру ұйымдастырылған іс-әрекеттері арқылы жүзеге асырылады. Коммуникативтік дағдыларды дамыту балалардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, күн сайын ойын түрінде және сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қазақ тілі ұйымдастырылған іс-әрекеттері арқылы жүзеге асырылады. Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту балалардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, күн сайын ойын түрінде және математика негіздері ұйымдастырылған іс-әрекеті арқылы іске асырылады. Тәрбиеленушілердің шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту балалардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, күн сайын ойын түрінде және сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру, музыка ұйымдастырылған іс-әрекеттері арқылы іске асырылады. Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру балалардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, күн сайын ойын түрінде және қоршаған ортамен таныстыру ұйымдастырылған іс-әрекеті арқылы іске асырылады.

4- Ересек топ (4 жастағы балалар)

Физикалық дамыту балалардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, күн сайын ойын түрінде және дене шынықтыру ұйымдастырылған іс-әрекеті арқылы жүзеге асырылады. Коммуникативтік дағдыларды дамыту балалардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, күн сайын ойын түрінде және сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қазақ тілі ұйымдастырылған іс-әрекеттері арқылы жүзеге асырылады. Танымдық және зияткерлік

дағдыларды дамыту балалардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, күн сайын ойын түрінде және математика негіздері ұйымдастырылған іс-әрекеті арқылы іске асырылады.

Тәрбиеленушілердің шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту балалардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, күн сайын ойын түрінде және сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру, музыка ұйымдастырылған іс-әрекеттері арқылы іске асырылады. Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру балалардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, күн сайын ойын түрінде және қоршаған ортамен таныстыру ұйымдастырылған іс-әрекеті арқылы іске асырылады.

Жоспары негізінде оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспарын әзірлейді, апта сайын циклограмма құрады, біліктер мен дағдылардың қалыптасу деңгейін қадағалау үшін оқу жылына арналған баланың жеке даму картасын әзірлейді. Аптасына ұйымдастырылған іс-әрекеттің саны 20 сағатты, мектепалды жастағы балалардың құзыреттіліктерін қалыптастыру бойынша бір ұйымдастырылған іс-әрекеттің ұзақтығы 20-25 минутты құрайды. Физикалық дамыту балалардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, күн сайын ойын түрінде және дене шынықтыру ұйымдастырылған іс-әрекеті арқылы жүзеге асырылады. Коммуникативтік дағдыларды дамыту балалардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, күн сайын ойын түрінде және сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, сауат ашу негіздері, қазақ тілі ұйымдастырылған іс-әрекеттері арқылы жүзеге асырылады. Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту балалардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, күн сайын ойын түрінде және математика негіздері ұйымдастырылған іс-әрекеті арқылы іске асырылады. Тәрбиеленушілердің шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту балалардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, күн сайын ойын түрінде және сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру, музыка ұйымдастырылған іс-әрекеттері арқылы іске асырылады. Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру балалардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, күн сайын ойын түрінде және қоршаған ортамен таныстыру ұйымдастырылған іс-әрекеті арқылы іске асырылады.

Жаңа үлгілік оқу бағдарламасының мақсат-мазмұндарымен тиянақты танысып, кіріктірілген негізде, ойын түрінде ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспарын әзірлеу, апта сайын циклограмма құрауды тапсырды.

3.Тыңдалды:

А.Удербаяновтың «Қызықты үйшік» тақырыбындағы көркем әдебиет ашық ұйымдастырылған іс-әрекеті талқыланды.

Сөйлегендер:

Ортаңғы топ тәрбиешісі Ж.Қасымбекова -Тәрбиеленушілер ертегі мазмұнының бірізділігін сақтай отырып, шығарма мазмұнын қайталап айтып шығып, кейіпкердің ерекшеліктерін жеткізу үшін мәнерлеп жеткізе білді. Көркем шығармаға қызығушылықтары қатты ұнады.

Ересек топ тәрбиешісі З.Туякбаева – мен өзіме тәрбиешінің ойын түрінде ұйымдастырған әдіс-тәсілдерін алар едім,балалар жалықпай,қызығушылығы арта түсті.Ақпараттық коммуникативтік технологиялар қолданды.Ертегі желісін көріп, кейіпкерлерге өз ойларын білдірді.

Әдіскер О.Бейсенбаева -

Балалар берілген мәтіннің басталуына қарай соңын құрастыра білді.Өзара қарым-қатынас жасауда өз ойын еркін жеткізіп,жылжымалы театр түрі ұнаған сияқты балаларға.Тәрбиеші М.Махатова балалармен жұмысты ұйымдастыруда бәріміз үлгі тұтамыз, ізденімпаз ,білімді апай.Мен өте жақсы деген баға бердім.

4.Тыңдалды: Балабақша меңгерушісі Р.Раимкулова педагогтерді Бір күндік күн тәртібінің сақталуы.Жедел тексеру қорытындысымен таныстырып,ұсыныстар берді.Жалпы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мааманымыз ,сол үшін өз міндеттерімізді адал,дұрыс атқару әрбір педагогтың міндеті.Өткен кеңестерде заттық-дамытушы ортаны құру оны қызығушылық орталықтарына бөлу, тәрбиелеу білім беру процесін, күн тәртібін, ата-аналармен жұмысты ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар мен педагогке қажетті материалдар (ұлттық, қимылды ойындар, ертегілер, мобильді кітапхананы құруға қажетті материалдар, балалардың түрлі әрекеттерін ұйымдастыру бойынша бейнероликтер сілтемелері, бейнероликтер және аудиоматериалдар сілтемелері және басқалар) берілді,ұсынылды. Тәрбиелеу-білім беру процесінде мектепке дейінгі ұйымдағы іс-шаралардан тұратын күн тәртібіне .балаларды қабылдау, таңертеңгі жаттығу, тамақтану, серуендеу, күндізгі ұйқы, шынықтыру шаралары, балалардың үйге қайтуы, балалар іс-әрекетінің түрлері: ұйымдастырылған іс-әрекет, ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, заттық, қимылдық, бейнелеу қарастырылады.

Күн тәртібінің сақталуын тексеру барысында барлық топтарға ұсыныстар :

Тамақтану кезінде балалардан толық тыныштықты талап етпей, өздерін еркін сезініп, бір-бірімен жай әңгімелесуге мүмкіндік беру ұсынылады. Балаларды асықтырмай, оларды орынсыз ескертпелермен

1. Жаңа Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 14 қазандағы үлгілік оқу бағдарламасының мақсат-мазмұндарымен тиянақты танысып, кіріктірілген негізде, ойын түрінде ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспарын әзірлеу, апта сайын циклограмма құрау.
Жауаптылар: Әдіскер Р.Раимкулова және барлық педагогтар.

2. Педагогтерді « Бір күндік күн тәртібінің сақталуы» Жедел тексеру қорытындысында ұсынылған ұсыныстар жауапкершілікпен, түзетілсін.
Әдіскер М.Шекербекова және барлық педагогтар.

Төрайымы:

Р.Раимкулова

Хатшы

М.Шекербекова

ЖШС «Нұр-Дидар» бөбекжай балабақшасы

Педагогикалық кеңестің №3 хаттамасы

Қатысқандар : 13

02.12.2022

Күн тәртібі:

1.Өткен педагогикалық кеңестің шешімдерінің орындалуы жөнінде

2. Балалар жылы-2022 атап өту, бағдарламасын бекіту

3. Кітап бұрыштарының жабдықталуы, сапасы.

Салыстырмалы тексерудің қорытындысы.Ересек «Толағай», «Еркетай» топтары

4. Ашық ұйымдастырылған іс-әрекеті талқылау .Ересек «Толағай» тобы.Тәрбиеші М.Махатова .Сөйлеуді дамыту. «Сиқырлы айна»

1.Тыңдалды:

Балабақша әдіскері М.Шекербекова өткен педагогикалық кеңестің шешімдерінің орындалуына тоқталып өтті:

Жаңа Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 14 қазандағы үлгілік оқу бағдарламасының мақсат-мазмұндарымен тиянақты танысып, кіріктірілген негізде ,ойын түрінде ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспарын әзірлеу, апта сайын циклограмма құрау жұмыстыры жүргізіліп жатыр,сонымен бірге жедел тексеру нәтижелері бойынша ұсыныстар да орындалуда.

Оқу тәрбие үдерісінде Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына «Балаларды ерте дамыту институтының» 2022 жылғы 23 қарашадағы нұсқаулығындағы педагогтерге қажетті материалдар :ұлттық, қимылды ойындар, ертегілер, мобильді кітапхананы құруға қажетті материалдар, балалардың түрлі әрекеттерін ұйымдастыру бойынша бейнероликтер сілтемелері, бейнероликтер және аудиоматериалдар сілтемелерін қызмет сапасын көтеру мақсатында пайдаланып та жатырмыз деді.

2.Тыңдалды:

Балабақша меңгерушісі м.Шекербекова ҚР президенті Қ.К.Тоқаевтың 2022 жылды «Балалар жылы» деп жариялады.Балалардың құқығын қорғау мен

сапалы біліммен қамту, қауіпсіз қоршаған ортада өмір сүруіне ықпал ететін, мүмкіндік беретін іс-шаралар өтуді жопарлауды әдіскерге тапсырғанмын, жоспарымен танысайық деді.

Әдіскер Р.Бейсенбаева –Бала бауыр етіміз, ұрпағымыздың жалғасы. Балалар жылына орай балабақшамызда тәрбиеленушілеріміздің ішінде алты егіз жұп бар екен, осы егіздермен және ата-аналарымен бірге «Егіздер Тәңірдің берген сыйы» атты іс-шара жоспарлап, осы айдың 6 желтоқсан күні өтуді жоспарладым, себебі жасыл шырша мерекесі таяп қалды деді. Меңгеруші Б.Бесбаева іс-шара жоспарын бекітіп, барлық педагогтардың атсалысуын, балаларға, ата-аналарға жан-жақты жағдай жасалуын, жоғары деңгейде өткізуді тапсырды.

3.Тыңдалды:

Балабақша меңгерушісі Р.Раимкулова Ересек «Толағай», «Еркетай» топтарында өткен «Кітап бұрыштарының жабдықталуы, сапасы» Салыстырмалы тексерудің қорытындысына тоқталып өтті: Салыстырмалы тексеру бойынша ересек «Толағай» тобы тәрбиешілері З.Туякбаева мен М.Махатованың «Кітап бұрышы» өте жақсы деп бағаланды, себебі кітаптар тұрған сөренің өзі баланың ықылас, зейінін тартады, әдемі жабдықталған, мультфильм кейіпкерлерін фетр қағаздан жасап, әсемдеген, кітаптар саны да көп. Балаларға қол жетімді жерге орналасқан. Ересек «Еркетай» тобы тәрбиешілері Ж.Қасымбекова, З.Туякбаева. Топта безендірілген кітап сөресі бар, кітап саны аз.

Ұсыныстар: Кітап бұрышын балалардың күнделікті кітаптарды өздігінен қарастыруға, мүмкіндік беру, күн сайын балаларға кітаптарды оқып беру, балалардың оқылған, тыңдалған шығармалардан әсер алуына ықпал ету, балалардың жасына сәйкес тақпақтарды, өлеңдерді жаттату, кітаптардағы иллюстрацияларды көрсету және оларға түсініктеме беру, сондай-ақ балаларға арналған аудио, видео шығармалардан ұйымдастыру. Кітап бұрышын демалыс орны және балалардың оңаша ойнауына арналған үйшікке жақын жерде орналастыру балалар үшін ыңғайлы болуын қарастыру.

4.Тыңдалды:

4. Ересек «Толағай» тобы Тәрбиеші М.Махатова Сөйлеуді дамыту. «Сиқырлы айна» Ашық ұйымдастырылған іс-әрекеті талқыланды.

Сөйлегендер: - Тәрбиеші С.Абубакированың Сөйлеуді дамыту «Сиқырлы айна» ұйымдастырылған іс-әрекеті түрлі ойындардан құралған екен, балалар «Тігінші» ойынын ықыласпен ойнады, тәрбиеші мен балалар арасындағы ынтымақты қарым-қатынас өте жақсы, тәрбиешінің балаа тапсырманы беріп, зейінін ұстап тұру қабілеті жақсы.

Ортаңғы топ тәрбиешісі Г.Шымырбаева Тәрбиеші М.Махатоваа мнемотехника әдіс-тәсілін сәтті қолданды, балалар да ойлана отырып тапсырманы орындауға әрекеттенді. Бір ойыннан екінші ойындарға өте отырып, жалықпай жасады.

Шешім:

1. Әдіскер М.Шекербекованың «Егіздер Тәңірдің берген сыйы » атты іс-шара барлық педагогтардың атсалысуымен, балаларға, ата-аналарға жан-жақты жағдай жасалып, жоғары деңгейде өтуіне жауапты Әдіскер М.Шекербекова
2. Ересек «Толағай», «Еркетай» топтарында өткен «Кітап бұрыштарының жабдыкталуы, сапасы» Салыстырмалы тексерудің қорытындысына жасалған ұсыныстар орындалсын. Жауаптылар: ересек «Толағай» тобы тәрбиешілері О Ересек «Еркетай » тобы тәрбиешілері
3. Ересек «Толағай» тобы Тәрбиеші Г.Шымырбаева Сөйлеуді дамыту. «Сиқырлы айна» Ашық ұйымдастырылған іс-әрекеті жақсы деп бағаланды.

Төрайымы:

Р.Раимкулова

Хатшы:

М..Шекербекова

ЖШС «Нұр-Дидар» бөбекжай балабақшасы

Кезектен тыс педагогикалық кеңестің хаттамасы №4

07.09.2022

Қатысқандар : 12

Күн тәртібі:

1. Педагогтерді Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 9 қыркүйектегі № 394 бұйрығына 1-қосымша Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығына 1-2-3 қосымшаларымен таныстыру, талқылау, кеңестер беру

1.Тындалды : Балабақша меңгерушісі Р.Раимкулова педагогтерді Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 9 қыркүйектегі № 394 бұйрығына 1-қосымша Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығындағы 1-2-3 қосымшасымен таныстырп өтті.

Бөбек жасындағы балаларға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары Ұйымдастырылған іс-әрекет жас топтары ерте жас тобы (1 жастағы балалар) кіші топ (2 жастағы балалар) Дене шынықтыру аптасына үш рет, Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет күн сайын күн сайын. Сенсорика күн сайын. Қоршаған ортамен таныстыру күн сайын, Сурет салу - күн сайын, Мүсіндеу күн сайын, Жапсыру - күн сайын, Құрастыру - күн сайын, Музыка аптасына бір рет. Ұйымдастырылған іс-әрекет - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың Үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын, оның ішінде мектепке дейінгі ұйымның жұмыс бағытын ескере отырып, балаларды қазақ халқының ұлттық құндылықтарына, отбасылық құндылықтарға, патриоттық сезімге, Отанға деген сүйіспеншілікке, мәдени әлеуметтік нормаларға баулу, қауіпсіз мінез-құлық қағидаларын қалыптастыру бойынша міндеттерді іске асыру үшін күні бойы педагогтің ойын түріндегі түрлі балалар әрекеті (ойын, қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, еңбек, дербес) арқылы ұйымдастыратын кіріктірілген сабағы. Бөбек жасындағы балалардың жас ерекшеліктерін

ескере отырып, күні бойы балалардың физикалық белсенділігіне уақыт бөлінеді. Балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, күні бойы ән айтуға, музыка тыңдауға, әндерді жаттатуға, импровизацияға, музыкамен ырғақты қозғалыстарға, шулы балалар аспаптарында ойнауға және музыкалық іс-әрекеттің басқа түрлеріне уақыт бөлінеді.

Ұйымдастырылған іс-әрекет жас топтары ортаңғы топ (3 жастағы балалар) ересек топ (4 жастағы балалар) Дене шынықтыру аптасына үш рет, Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет күн сайын, Қазақ тілі аптасына бір рет күн сайын. Математика негіздері күн сайын. Қоршаған ортамен таныстыру күн сайын. Сурет салу, Мүсіндеу күн сайын, Жапсыру, Құрастыру. Музыка аптасына бір рет.

Мектепке дейінгі ұйымдағы мектепалды топқа / мектептегі (лицейдегі, гимназиядағы) мектепалды сыныпқа арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары (5 жастағы балалар) Ұйымдастырылған іс-әрекет аптадағы нормативтік жүктеме саны Дене шынықтыру. Сөйлеуді дамыту 2 сағат. Көркем әдебиет 2 сағат. Қазақ тілі 2 сағат. Сауат ашу негіздері 3 сағат. Математика негіздері 3 сағат. Қоршаған ортамен таныстыру 2 сағат. Сурет салу, Мүсіндеу, Жапсыру, Құрастыруға 1 сағат. Музыка 2 сағат. Барлығы - 20 сағат.

Ұйымдастырылған іс-әрекет - мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын, соның ішінде мектепке дейінгі ұйымның жұмыс бағытын ескере отырып, балаларды қазақ халқының ұлттық құндылықтарына, отбасылық құндылықтарға, патриоттық сезімге, Отанға деген сүйіспеншілікке, мәдени әлеуметтік нормаларға баулу, қауіпсіз мінез-құлық қағидаларын қалыптастыру бойынша міндеттерді іске асыру үшін күні бойы педагогтің ойын түріндегі түрлі балалар әрекеті (ойын, 9 қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, еңбек, дербес) арқылы ұйымдастырады, кіріктірілген түрде. Балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, күні бойы балалардың физикалық белсенділігіне уақыт бөлінеді. Мемлекеттік тілді меңгерту мақсатында күні бойы режимдік сәттерде Үлгілік оқу бағдарламасында айқындалған сөздік минимумды үйрету, түрлі балалар әрекетінде тәрбиеленушілердің ауызекі байланыстырып сөйлеуін дамыту, сондай-ақ қазақ халқының мәдениетімен, салттары мен дәстүрлерімен таныстыру, белсенді сөздікті байыту, сөздік нормаларды, мәдениетті қарым-қатынасты игерту ұсынылады. Балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, күні бойы музыканы тыңдау, ән айту, әндерді жаттату, импровизация, ырғақты-музыкалық қимылдар, шулы балалар аспаптарында

ойнау және басқа да музыкалық әрекеттерге уақыт бөлінеді деп бекітілген үлгілік оқу жоспары, ұйымдастырылған іс-әрекет кестесіне сай күнделікті, жүйелі жұмыс жүргізуді және қадағалануын әдіскер О.Бейсенбаеваға тапсырды.

Шешім:

1. Бекітілген үлгілік оқу жоспары, күн тәртібіне, ұйымдастырылған іс-әрекет кестесіне сай күнделікті, жүйелі оқу тәрбие үдерісі ұйымдастырылсын.
Жауаптылар: Әдіскер О.Бейсенбаева және барлық педагогтар.

Төрайымы:

Р.Раимкулова

Хатшы :

М.Шекербекова